



ПРЕЗИДЕНТ БЕЙНЕҮНДЕУ ЖОЛДАДЫ

Кеше Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының мерейтойлық сессиясы аясында БҰҰ 75 жылдығына арналған Жоғары деңгейдегі кездесуде бейнеүндеу жасады. Мемлекет басшысының сөйлеген сөзін БҰҰ веб-сайтынан тыңдауға болады.

№112
(4081)
Сейсенбі
22 қыркүйек
2020 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ұ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҚАЛА МЕН САЛА



ЖЫЛ ӨТКЕН САЙЫН ТҮЛЕГЕН

4-БЕТТЕ

ШАРТАРАП



БЕЛАРУСЬ: САЙЛАУ МЕН ШЕРУ

7-БЕТТЕ

РУХАНИЯТ



ТОПТАСЫП ЕШКІМ ТӨБЕГЕ ШЫҚПАЙДЫ

8-9-БЕТТЕ

САНСӨЙЛЕМ

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ СТАТИСТИКА КОМИТЕТІНІҢ ДЕРЕГІ БОЙЫНША ЕЛОРДА ХАЛҚЫНЫҢ САНЫ ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ 1 ТАМЫЗЫНДАҒЫ МӘЛІМЕТПЕН САЛЫСТЫРҒАНДА

52 000

АДАМҒА КӨБЕЙГЕН



ҚАЛА КӨРКІ – КӨК ЖЕЛЕК

«Бір тал кессең – он тал ек» деген тәмсіл қалай тауып айтылған. Өйткені кез келген қаланың көркі – ағаш, көк желек. Ағаш көбейсе, жасыл-желекке оранған орта қалыптасады. Қуанарлық жайт, өткен сенбиде елордалықтар 700-ден аса тал егіп, әрі сауапты әрі пайдалы іске жұдырықтай жұмылды. Жаһандық деңгейдегі Тазалық күніне осылайша өз үлесін қосты.

2-БЕТТЕ

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 498.6 \$ USD/KZT 420.76 ₸ RUB/KZT 5.6 ¥ CNY/KZT 62.27

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ҚАЛА КӨРКІ – КӨК ЖЕЛЕК

Бүкіләлемдік Тазалық күні аясында Есіл өзенінің маңындағы саябақта ағаш егу рәсімі өтті.

Шараға ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов және ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағұм Мырзағалиев қатысты.

Сенат спикері Мәулен Әшімбаев осындай экологиялық күндерді өткізудің маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар ол жаһандық климаттың жылыну қаупіне байланысты ағашты жүйелі түрде отырғызу керектігін айтты.

«Бізге Президенттің бастамасы аясында еліміздің орман қорына 2 млрд ағаш және елді мекендер мен қалаларда 15 млн ағаш отырғызу керек. Бұл – өте ауқымды және маңызды шара. Еліміздің орман қорын ұлғайтып, азаматтарға жайлылық

сыйлау үшін көгалдандырумен көбірек айналысқан жөн. Сондықтан елордамыз Нұр-Сұлтанда жақсы бастама қолға алынып жатыр. Осы бастаманы өңірлердің де қолдағаны маңызды» деді М.Әшімбаев.

Елорда әкімі Алтай Көлгіновтің айтуынша, Алматы ауданындағы саябақта 700 ағаш отырғызылады.

«Қазіргі уақытта 300 мың ағаш отырғызылды. Бірақ біз жылына кем дегенде 500 мың ағаш егуді жоспарлап отырмыз. Президент өзінің Жолдауында экологияны таза ұстаудың қаншалықты маңызды екенін айтты. Бізді волонтерлердің белсенді қатысуы қуантады. Азаматтық қоғамның да бұл шараға көмектесіп жатқанын көріп отырмыз. Экология мәселесі – азаматтардың денсаулығының

мәселесі. Карантин кезінде саябақтар мен гүлбақтарда тұрғындар үшін таза ауамен тыныстау маңызды. Қоғамдық кеңістіктер де сұранысқа ие. Бұл жер де көпшілік жиналатын орынға айналады. Бұған дейін бұл орын бос жатқан. Қазір ағаш-талдар отырғызылып, балалар мен ересектердің спортпен жаттығатын алаңы салынып жатыр. Алдағы уақытта бұл жер қаладағы әдемі орынның бірі болады. Мұнымен тоқтамаймыз. Бұл – экологиялық күннің бастамасы. Осы жұмысты елорданың барлық ауданында жалғастыратын боламыз» деді Алтай Көлгінов.

Аталған саябақтың құрылысы мен абаттандыру жұмысы келесі жылдың көктемінде аяқталады деп жоспарлануда.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ ЖАҚЫНДАП ҚАЛДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов жылыту маусымының басталуы жөнінде жиналыс өткізді. Бұл туралы ол өз «инстаграм» парақшасында жазды.

«Алдағы жылу маусымына дайындалып жатырмыз. Ең алдымен мектеп, балабақша, медицина мекемелері сынды әлеуметтік нысандарға жылу беріледі. Әлеуметтік мекемелердің ғимараттары жылу маусымына толық дайын. Сондай-ақ көпкөтерілі тұрғын үйлерге де жылу беріле бастайды. Жаңа нысандарға қосатын жылу көздерін анықтадық, қазір қуатты тексеріліп жатыр.

Ал жеке сектор тұрғындары үшін қаланың әр жерінде орналасқан 11 көмір сататын орын белгіленді. Альпсатарлық пен түсінбестік болдырмас үшін көмір қоймаларына отын жеткілікті мөлшерде әкелінді. Көмірдің бағасы, түрі сияқты толық ақпаратты 109 желісіне хабарласып біліп отыруға болады.

Сонымен қатар, елді мекендерді газдандыру жұмысы жалғасып жатыр. Мәселен, Железнодорожнийда газбен жабдықтайтын тарату желілері толық жүргізілген. Даярлық жұмыстары Промышленныйда,



2-ші Көкталда – 95%, 1-ші Көкталда 80%-ке бітіп тұр. Мұндай жұмыстар Агроқалашық, Оңтүстік-Шығыс тұрғын алаптарында да жүріп жатыр. Осы тұрғын алаптардағы үйлер, оның ішінде Агроқалашықтың жартысы биылғы жылу маусымында газды қолдана алады. Тұрғындар үйлерін

газға қосуға техникалық шарттар алу үшін фронт-кеңселерге баруы керек.

Бұдан өзге, биыл 1-ЖЭО мен 2-ЖЭО бір бөлігін газға көшіреміз. Ауа температурасы 5 күн шамасында +10 градус (және одан төмен) болып тұрса, онда жылу беру басталады» деп жазды Алтай Көлгінов.

СҮБЕЛІ СӨЗ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті:

““”

Былыр мен дипломды оңды-солды үлестірумен айналысатын білім мекемелерін жабуды тапсырған болатынмын. Білім беруді табысты бизнеске айналдырған ықпалды адамдардың қарсылығынан бұл жұмыс баяу жүруде. Бірақ проблеманы шешу керек. Премьер-министр бұл мәселені ерекше бақылауға алуға тиіс.

(«Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауынан)

«ASTANA AQSHAMY» КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕ...



АРНАЙЫ КОМИССИЯ ҚҰРЫЛАДЫ

© Төлен ТІЛЕУБАЙ

Газет оқырмандарынан сүйінші сұраймыз! Бүгінге дейін біздің басылым беттерінен көтерілген бірнеше мәселеге Президент назар аударып, қолдау көрсетуде. Соның бірі – жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сталиндік репрессия құрбандарын толық ақтау туралы Жарлығы жарияланып, қоғам талқысына ұсынылды. Қуанарлығы, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау ісі бойынша арнайы мемлекеттік комиссия құрылады. Жарлықтың жобасы электронды үкімет порталында жарияланған.

Сәл шегініс жасасақ, «Astana aqshamy» газеті Алаш арыстарының арман-мұраты («Алаш арыстарының арманы», Т.Тілеубай, 13 желтоқсан, 2018 жыл) соғыс тұтқындарын ақтау («Соғыс тұтқындарын қашан ақтаймыз?», Т.Тілеубай, №53, 9 мамыр, 2019 жыл); жазықсыз жазаланған Алаш арыстарын ақтау («Арнайы заң қабылдау қажет», С.Қасымов, №64, 2 маусым, 2020 жыл)

туралы қоғам, ел үшін аса өзекті мәселелерді көтерді. Енді, міне, сол мәселелер оң шешілетінін естіп, қуанып қалдық.

Мемлекеттік комиссияның ережесі мен құрамын бекіту, Жарлықтың орындалуын бақылау Президент Әкімшілігіне жүктелген. «Мемлекеттік комиссия Президент жанындағы консультативтік-кеңесші орган болады және өз қызметінде Қазақстан Конституциясы мен заңдарын басшылыққа алады» деп жазылыпты.

Мемлекеттік комиссияның жұмысына Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев басшылық етеді. Оның құрамына ғалымдар, мемлекеттік органдардың, ұлттық және мемлекеттік архивтердің басшылары, қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіргізіледі делінген. Төрағаның шешімі бойынша Мемлекеттік комиссияға республикалық және жергілікті деңгейдегі сарапшылар, сондай-ақ өзге де тұлғалар енгізілуі мүмкін. Жарлық жобасы 5 қазанға дейін қоғам талқысына ұсынылып отыр.

АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Ақтөбе облысы 8 айда шетелге 776 тонна ет өнімін экспорттады. Негізгі тұтынушы Қытай мемлекеті болды. Өңірде биыл мал басы саны былтырғы жылмен салыстырғанда 6 пайызға өскен. Қазір өңірде құны 280 миллиард теңге болатын 30 ірі жоба жүзеге асырылып жатыр. Бірінші кезекте тұтынушыға дайын тауар ұсынатын өңдеуші кешендер салынып жатыр.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Түлкібастық бағандар алма жинаудан рекордтық көрсеткішке қол жеткізді. Олар екі жарым мың гектар баудан 30 мың тонна алма жинауды жоспарлап отыр. Жеміс ағаштарының әр түбі орташа есеппен 30-дан 50 келіге дейін өнім береді. Серіктестіктің сыйымдылығы 2 мың тонна болатын өз қоймасы бар. Онда өнім голландиялық тәсілмен сақталады. Қойма Франциядан әкелінген жаңа технологиямен жабдықталған.

СҚО

Солтүстік Қазақстанда 5 құс фабрикасы бар. Солардың 3-уі осы Якорь ауылында орналасқан. Қазіргі кезде өңірде құс тұмауы өршіп барады. Индет Қызылжар қаласынан небәрі 10 шақырымдай жерде ғана орналасқан Якорь ауылынан шыққан. Бүгінге дейін 11 мыңнан астам үй құсы қырылып қалған. Әйтеуір, адамға жұғу фактісі тіркелген жоқ.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Өңірде бірнеше балалар үйі жабылып, қазір олардың 4-уі қалды. Соңғы жылдары сәбиді жетімдер үйінің босағасында телміртпей, қамқорлыққа алатындар көбейген. Аймақта ата-анасыз қалған 1500-ден астам жеткіншектің 88 пайызы мейірімді жандардың қолында пана тапты. Бала асырап алған отбасыға мемлекет төлемақы мен жәрдемақы төлейді.

ШҚО

Зайсан ауданында «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында жолдар жөнделіп, абаттанған көшелерге жарық орнатылуда. Одан бөлек, «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы шеңберінде 31 жоба жүзеге асырылып жатыр. Бұл мақсатқа республикалық бюджеттен 522 миллион теңге жұмсалмақ. Сондай-ақ «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы арқылы жалпы жарты миллиард теңгеге 31 жоба жүргізілуде.

ЕРІКТІЛЕР ЕСКЕРТІП ЖҮР

Елордалық жастар тұрғындар арасында коронавирус дерті таралуының алдын алу және сақтық шараларын ескерту мақсатында шара өткізді.



© Райхан РАХМЕТОВА

Қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының өкілдері мен қала әкімдігінің «Астана жастары» КММ және елордалық волонтерлер штабының жастары бірлесіп, Нұр-Сұлтан қаласының Орталық саябағына сенбі күні серуенге шыққан халыққа карантин режимінің сақталуы және қоғамдық орындарда маска тағу жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және акцияның маңызын арттыру үшін полиция департаментінің қызметкерлері де жастармен бірге саябақты аралады. Жол

бойы акция ұйымдастырушылары маскасы жоқ тұрғындарды көрсетіп, оларға тегін маска таратты және сақтық нормаларының маңыздылығын сол адамның есіне салды. Күні кеше ғана Мемлекет басшысы өз Twitter-де: «Қалаларда карантиндік шаралар сақталмайды, бұл жұқтырғандар санының артуына әкеледі. Үкімет, облыстардың, қалалардың әкімдері жағдайды түзетуі тиіс. Көпшілік орындарда, қоғамдық көлікте маскалар кию міндетті болып табылады» деп жазған болатын. Сондықтан акцияның басты мақсаты – адамдарға сақтық шаралары туралы ескертіп, оларды сақтамаса тек өздерінің ғана емес, жақындарының

өміріне де қауіп төндіретінін түсіндіру. «Міне, қазір профилактикалық шара ретінде түсіндіру жұмыстарын жүргіздік, бірақ айыпшыл салып жатқан жоқпыз. Жай ғана ережелерді түсіндірудеміз. Мұндай жұмыстар бізде карантин басталғалы жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Себебі карантин жеңілдетілгенмен ол әлі толық алып тасталған жоқ. Бүгін Орталық саябақтағы акцияға 20 шақты волонтер мен 4 полицей қызметкері қатысуда, біз бір-бір тәртіп сақшысын қасымызға алып, төртке бөлініп, демалыс саябағының барлық тұсын аралап шығуға тырысып жатырмыз» дейді қалалық волонтерлер штабының волонтері Анель Мансурова. «Біразы сақтайды, бірақ көбісі үш адамнан артық топ болып немесе отбасымен жүргенде маска тағу режимін сақтау керектігін ұмытып кетеді. Ал жақындап барып, ескерту жасасаң, дереу қалтарынан масканы шығарып тағып жатады. Маска алып шығуды ұмытпағанмен, үнемі тағып жүруді қаламайтындар да көп. Міне, сондай адамдарға маска тағу режимінің маңызын түсіндіріп өтеміз» дейді полиция лейтенанты Алтынбек Рысбеков. Осыдан кейін акция қатысушылары Ботаникалық баққа барып, дәл осындай жұмыстар жүргізді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл шара еліміздің басқа аймақтарында да қолдау тауып отыр.

ЖӘРМЕҢКЕ ҚЫЗЫП ТҮР

Демалыс күндері елордадағы «Хан шатыр» СОО жанындағы алаңда Ақтөбе мен Қызылорда облыстарының ауылшаруашалық жәрмеңкесі өтті. Арқа төріне қос өңірден 540 тонна өнім әкелінді.

Жәрмеңкеге 90 өндіруші өз өнімдерін ұсынды. Соның ішінде 146 тонна күріш, 129 тонна картоп пен көкөністер, 62 тонна ет, 30 тонна балық пен балық өнімдері, 13 мың тауық жұмыртқасы, 7 тонна шұжық өнімдері, 5 тонна ұн мен макарон және 30 тонна басқа да азық-түлік өнімдері қаладағы орташа нарықтық бағадан 15-20 пайызға төмен саудаланды.

Қызылорда ауыл шаруашылық басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаевтың мәлімдеуінше, Сыр өңірінің шаруалары екі күндік жәрмеңкеге 130 миллион теңгенің 477 тонна ауылшаруашылық өнімін алып келген. «Қызылордадан бас қалаға 70 тауар өндіруші келді. Олар алыпсатарлар емес, өнімдер тікелей егістіктен. Қызылордалық диқандар елорда әкімдігімен бірлесіп, көпбалалы және тұрмысы төмен отбасыларға арналған қайырымдылық шара ұйымдастырды» деді ол.

Жәрмеңке таңғы сағат 9.00-де басталып, кешке дейін жалғасты. Ақтөбе мен Қызылорданың өнімдерін арзан бағада алуға келгендердің қарасы көп болды. Елорда тұрғыны Гүлмира Рахимбекова бұдан былай жәрмеңкеге жиі келіп тұратынын айтты.

«Бүгін отбасымызбен жәрмеңкеге бірінші рет келдік, бағалары ұнады. Тек мұнда келгендер көп болғандықтан, көлік қояр орын таппай қиналғанымыз



бар. Көлімізді алыстау жерге қойып, жаяулаптық. Сондықтан көп өнім ала алмадық» деп пікір білдірді ол. Аралдың балығын саудаға салған Жансұлтан Арапбек жәрмеңкеге 3 тонна балық әкелген. «Сауда қызу, балық алам деушілер көп. Жәрмеңке жиі өткізіліп тұрса, елордалықтарды түрлі өнімдермен қуанта береміз. Өнімдерді тез бұзылатын

болғандықтан арнайы мұздатқышы бар көліктермен жеткіздік» дейді ол. Ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі алдағы демалыс күндері де жалғасады. Қыркүйектің 26, 27 күндері Шығыс Қазақстан және Ақмола облысының өнім өндірушілері келеді. **Наима НУРАЛЫҚЫЗЫ**

Елорда полициясы мемлекеттік органдармен бірге коронавирус инфекциясы таралуының алдын алу бойынша тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын үздіксіз жүргізіп келеді. Тәртіп сақшылары, эпидемиологтар, еріктілер, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері карантин режимінің бұзылуын анықтау үшін рейдтер өткізуде. Осы бағытта жұмыс істейтін 8 мониторингтік мобильді топтар бар.

КАРАНТИН ТӘРТІБІ ТЕКСЕРІЛДІ

«Демалыс күндері 244 кәсіпкерлік нысан тексеріліп, карантин ережесінің бұзылғаны туралы 38 дерек анықталды. Заң бұзушылықтар туралы материалдар Нұр-Сұлтан қалалық тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментіне берілді. Сонымен қатар демалыс күндері азаматтардың маска тағу тәртібін сақтауы туралы үш мыңнан астам түсіндірме әңгімелесу өткізілді» деп хабарлады Нұр-Сұлтан қалалық полиция департаменті. Вирусты жұқтыру жағдайларын болдырмау мақсатында полиция ойын-сауық орындарының басшыларына карантин шараларын сақтау туралы ескертіп,

тәртіп бұзушылардың қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапқа тартылатынын жеткізді. «Елорда полициясы азаматтарды қоғамдық орындарда өзін-өзі жауапкершілікпен ұстауға, санитарлық нормаларды сақтауға және карантин шаралары кезінде полиция қызметкерлерінің талаптарына түсіністікпен қарауға шақырады» дейді Нұр-Сұлтан қалалық полиция департаментінің жергілікті полиция қызметінің бастығы Госман Жакин. Мамандардың айтуынша, карантин жеңілдетілгенімен, КВИ жұқтыру ықтималдығы әлі де сақталады. Азаматтар қашықтықты сақтап, антисептик қолданып, маска тағуды ұмытпағаны жөн.

ҚАЙ ЖЕРДЕ ВЕЛОСИПЕДПЕН СЕРУЕНДЕУГЕ БОЛАДЫ?

Қазақстан астанасында салауатты өмір салтын ұстануға барлық жағдай жасалған. Мамандар велоспортпен айналысудың пайдасы аз емес екенін айтады. Бұл – ұйқының жақсаруы, қан айналымы, төзімділіктің жоғарылауы, стресстің төмендеуі және басқалар.

Елорда тұрғындары арасында велосипедпен серуендеуге деген сұраныс жылдан жылға көбейе түскен. Сондай-ақ қалада жыл сайын жүгіру және веложолқтар саны артып келеді. Барлық веломаршруттар үш түрге бөлінеді: іскерлік, рекреациялық және туристік.

Біріншісі – түзу, велосипед жолдарының арасындағы байланыстармен ерекшеленеді. Олардың мақсаты – велосипедші аз уақытта қажетті жеріне жете алады. Рекреациялық жолдар – тармақталған, саябақтар мен алаңдар арқылы өтеді – велосипед тебуді және қоршаған ландшафтты тамашалағысы келетіндерге

арналған. Туристік – қаланың көрікті жерлерін және елорда қонақтарының қызығушылығын тудыруы мүмкін жерлерде орналасқан. Велосипед әуесқойлары Триатлон саябағында, Астаналық, Жерұйық және Ботаникалық бақта еркін серуендей алады. Дене шынықтыру және спорт басқармасының мәліметінше, бүгінгі таңда қалада 70 км веложол іске қосылған, тағы 123 км жабдықтау жоспарланған. Ведомстводан хабарлағандай, 2020 жылы – 46,4 км, 2021 жылы – 36 км, 2022 жылы 40,7 км пайдалануға беріледі. Жасыл белдеу аумағында 23 км веложол бар.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Өңірде 4 денсаулық сақтау нысаны күрделі жөндеуден өткізіліп жатыр. Солардың бірі – облыстық перинаталдық орталық. Бұл мақсатқа бюджеттен 1,5 миллиард теңге бөлінген. Ғимаратты жөндеу жұмыстарын жыл соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр. Сондай-ақ 5 ауылда медицина мекемесі жаңадан салынууда. Келесі жылы 20 ауылдық амбулатория мен фельдшерлік-акушерлік пункттің құрылысын жүргізу көзделген.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Қарағанды облысында індеттің екінші толқыны болған жағдайда 5200 төсек-орын дереу пайдалануға беріледі. Дайындалған төсек-орынның 400-ге жуығы реанимациялық болып жасақталыпты. Аймақтағы ірі модульдік госпитальдің құрылысы аяқталуға жақын. Облыста дәрі-дәрмек пен қорғаныш киімдерінің 1,5 айлық қоры жинақталған. Қазір 44 госпитальдің 36-сы консервацияда.

БҚО

Оралда Жайық-Каспий бассейніндегі балық қорын молайту бағдарламасы қолға алынды. Жоба аясында арнайы су айдындарында өсірілген балық шабақтары қыркүйектің алғашқы күнінен бері Жайық өзеніне жіберіліп жатыр. Соңғы екі апта ішінде Жайық өзеніне жарты миллионнан астам бекіре тұқымдас балықтың шабақтары жіберілді. Ғалымдар қауіпсіздік сақталса, балықтардың табиғи ортада тез өсіп-өнетінін айтып отыр.

ЖЫЛ ӨТКЕН САЙЫН ТҮЛЕГЕН

Астананың он жағалауында әкімдіктің алдындағы ескі алаң жөнделетін болды. Сонымен қатар бірқатар көшелер жаңадан бой түзеп, жаяу жүргіншілер бульвары ашылады және драма театры салынады.



© Дәулет АСАУОВ

Елордада «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» шеберлік жоспары әзірленді. Бұл бас жоспарға қарағанда егжей-тегжейлі құжат және шаһардың әрі қарай қалай дамылатынын айшықтайды.

«Тұжырымдамада астана дамуының стратегиялық және тактикалық міндеттері көрсетілген. Ол 2030 жылға дейінгі ұзақ мерзімге есептелген. Құжаттың негізі – жаяу жүргіншілерге басымдылық беретін қаланы қалыптастыру. Адамдарды қызықтыратын орталықтарды, жайлы және қауіпсіз жаяу жүргіншілер өтпелерін, қолайлы демалыс, спорт, балалар алаңдарын, велоинфрақұрылымын жасау жоспарланған» деген мәлімет келтірілген Нұр-Сұлтан қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының ресми парақшасында.

Енді елорданың оң жағалауында жаңадан қандай нысандар пайда болатыны және қаланың бұл бөлігі қандай өзгерістерге ұшырайтыны туралы шолу жасайық.

ЕСКІ АЛАҢНЫҢ ЖАҢА БЕЙНЕСІ

Абаттандыру бағдарламасы бойынша астаналық әкімдік алдындағы ескі алаң қайта жасалатын болды. Оның сызбасын Нұр-Сұлтан қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы әзірлеген. Жобада алаңның демалуға және қыдыруға мейлінше жайлы болуына мән берілген.

«Сол үшін бетон блоктардың орнына аязға төзімді ағаштар отырғызылып, шағын сәулет пішіндері орналастырылады. Фестивальдар мен концерттер өткізетін амфитеатр салу жоспарланған. Амфитеатрдың көрермен отыратын орны пердемен бөлінеді, ал сахнаны айнала жарықтандырылған субұрқақ орнатылады. Сахнаның артқы жағында ұзындығы 20 метрлік аркалы субұрқақ болады» дейді басқарма мамандары.

Абай көшесіне жақын тұста құрғақ субұрқақты арт-инсталляция пайда болады. Оның қарсы бетінде түрлі тал-ағаштар егілген

жасыл желек желкен жаяды.

Алаң функционалды аумақтарға бөлінеді. Қыста арт-инсталляцияны айналдыра сырғанақ тебетін мұзайдын төселеді, ал сахнаның қасына шырша орнатылады.

ҚАЙТА САЛЫНАТЫН КӨШЕЛЕР

Халық көп шоғырланған аудан – Бейбітшілік көшесі қайта салынады. Көше бойында екі университет бар, бірақ бірде-бір демалыс орны жоқ.

Жоспар бойынша салынуы тиіс:

- автобус жолағын қосу;
- веложол салу;
- тротуарды кеңейту;
- заманауи арт-объектер орнату;
- ағаш отырғызу.

Атқарушы билік жаяу қыдыру мәдениетін түлетіп, автомобильдерді тротуарлар мен саяжолдардан ығыстырып шығаруды көздейді.

Сәулетшілер Абай даңғылын да жаңғыртпақ. Жобалаушылардың басты мақсаты – көшені жаяу жүргіншілер, тұрғындардың

қозғалысы шектеулі тобы, велосипедшілер үшін жайлы және қауіпсіз ету. Қоғамдық кеңістіктер құру жоспары бар.

Сондай-ақ қолданыстағы көлік қоятын орындар енді қозғалыс траекториясымен бағыттас орналастырылатын болады.

«Жаяу жүргіншілер аймағында сауда және аялдама павильондары, көрме, шағын сәулет пішіндері қойылады. Барлық аумақтар сәкілермен, қоқыс жәшіктерімен және заманауи үлгідегі шамдармен жабдықталады» делінген басқарма сайтында.

Аялдама павильондары мен даңғыл бойына қазақтың ұлы ағартушысы Абайдың шығармаларынан үзінділер жазылған қалқаншалар орналастырылады.

Ж. Омаров көшесі бойында – Республика даңғылынан Қ. Қуанышбаев атындағы Қазақ музыкалық-драматургиялық театрына дейін жаяу жүргіншілер бульвары пайда болады.

«Республика даңғылынан М. Әуезов көшесіне дейінгі бөліктегі субұрқақтар жаңартылады. «Халықтар достығы» монументінің айналасында жаңадан субұрқақтар кешені салынады. Одан жасанды бұлақ ағып шығады. Бұлақты қос қапталында су аттракциондары орналастырылады» дейді басқарма жобаны әзірлеушілер.

Қ. Қуанышбаев атындағы Қазақ музыкалық-драматургиялық театрының жанына да құрғақ субұрқақ пайда болады. Бұл ауданда шағын сәулет пішіндері, инсталляция, веложол, ойын және балалар алаңы салынады.

М. Әуезов көшесіне дейінгі учаске 2020 жылдың соңына дейін, ал Бейбітшілік көшесіне дейінгі бөлік келесі жылы салынып бітеді. Қалған көшелерді жаңғырту 2025 жылға дейін жалғасады.

ЖАҢА НЫСАНДАР ПАЙДА БОЛАДЫ


Астананың оң жағалауында №23-15 көшелер бойында, Байтұрсынов пен Нәжімеденов көшелері аралығында Қазақ драма театры ашылады. Ол Мыңжылдық саяжолындағы көз тартатын орталыққа айналады. Ғимараттың жалпы ауданы – 22 853 м². Үлкен зал 640 адамға арналған, кішісі – 202 адамға. Драма театрды 2020 жылдың үшінші тоқсанында пайдалануға беру жоспарланған.

Басқа жаңа нысандар сол жағалауда бой көтереді. Олардың біреуі – жеңіл атлетикалық спорт кешені. Жаңа кешен Тұран және №26 мен Е51 көшелерінің қиылысында салынып жатыр. Жаңа манеж 7 мың көрерменге арналған. Мұнда әлемдік деңгейдегі жарыстар ұйымдастырылмақшы.

«Бұл барлық инфрақұрылымы, оның ішінде қонақ үйі бар тұтас кешен болмақ. Жер учаскесінің аумағы – 9,1 гектар. Құрылыс ауданы – 21 808 м². Ғимараттың жалпы ауданы – 36 655 м²» делінген Нұр-Сұлтан қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасында. Бұл кешенді де 2020 жылдың үшінші тоқсанында пайдалануға беру жоспарланған.

Мәңгілік ел – Қабанбай батыр даңғылдарының қиылысында 30 мың адам сыятын жаңа мешіт салынады. Оның жалпы ауданы – 68 мың м². Күмбезінің биіктігі – 83,2 м, минареттерінікі – 130 м. Мешітті 2021 жылы пайдалануға беру жоспарланған.

Ақмешіт, Сығанақ, Түркістан көшелері ауданында орналасқан Abu Dhabi Plaza көп функционалды кешеннің құрылысы аяқталуға жақын. Бұл жалпы аумағы 500 мың м² болатын бес ғимараттан құралған Орталық Азиядағы мұнаралы ең ірі кешен болғалы тұр. Оның ең биік мұнарасы – 311 метр, 75 қабатты құрайды.





Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму – еліміз үшін алдыңғы кезекте тұрған мәселе екенін атап өтті. Соның ішінде елорда айналасындағы жасыл желектің ауқымын ұлғайтудың маңызына тоқталды. Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық кеңесі қаладағы жасыл желекті күтіп-ұстаудың және қорғаудың типтік ережелерін түбегейлі өзгерту керек деп есептейді.




Халқымызда «бір тал кессен, он тал ек» дейтін ұлағат бар. Қаланың қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы тиісті ережеге дәл осы ұстанымды енгізуді ұсынады. Бірақ әзірге ережеге көп өзгеріс енгізу мүмкін болмай тұр. Бір кесілген тал үшін бестен онға дейін ағаш отырғызу қарастырылып отыр.

Жасыл желекті күтіп-ұстаудың және қорғаудың ел Үкіметі бекіткен

типтік ережелері бар. Аталмыш басқарма әділет органдары елорданың дәл осындай ережелерін жаңа редакцияда қабылдамай қоя ма деп күмәнданады. Себебі екі құжат бір-біріне сәйкес келмей қалуы мүмкін. Ал қоғамдық кеңес осы мәселені жан-жақты зерттеп, қаланың құжатына көп өзгеріс пен толықтырулар енгізу қажет деген шешімге келген.

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКТІҢ ЕСЕБІ ЖҮРГІЗІЛЕ МЕ?



– Елорданың жасыл желекті күтіп-ұстаудың және қорғаудың типтік ережелері ескіріп қалды. Осы жағдай бәрінен бұрын аудандардың әкімдіктерінің бұл бағыттағы жұмысын қиындатып, қолын байлап отыр. Ережелерге аудит бойынша өзгерістерді енгізу қажет. Сондай-ақ қаланың Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту, Құрылыс басқармалары, басқа ведомстволар арасында өзара байланыс болуы үшін құжатты толықтыру керек. Бүгінгі күнге қалада қанша жасыл желек бар, олардың тұқымдары қандай дұрыс анықталмаған. Бұл мәселеде нақты сандар керек. Аудандардың әкімдіктері жасыл желектің бір бөлігі олардың балансына берілмегенін айтып отыр. Бұл мәселелердің бәрін ретке келтіріп, тиісті ережелерде алгоритмін көрсету керек, – дейді қалалық қоғамдық кеңес мүшесі Жанат Нұрғалиев.

Қаланың Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының бұл мәселеге айтар өз уәжі бар. Басқарма басшысы Әлия Қожабаеваның айтуынша, олар әзірлеген өзгерістерді алдын ала барлық мемлекеттік органдар

мақұлдаған. Оның үстіне Қазақстан экологтары ассоциациясы да қолдап отыр.

– Мемлекет басшысы өз Жолдауында жаңа экологиялық кодекс әзірленгенін атап өтті. Парламентке бұл құжатты жыл аяғына дейін қарап, қабылдауды тапсырды. Алдағы күндері қаланың Жасыл желекті күтіп-ұстаудың және қорғаудың типтік ережелеріне соған сәйкес өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді жоспарлап отырмыз. Бұл мәселені шамамен алғанда келесі жылдың қаңтар айында алдарыңызға қайта шығарамыз. Жасыл желекке қатысты заңнамаларды қатайту жоспарланып отыр. Атап айтсақ, әкімшілік қана емес, қылмыстық жауапкершілік енгізу қарастырылуда, – дейді Ә. Қожабаева.

Қоғамдық кеңес мүшесі Елдос Абақановтың пікірінше, бұл мәселеде екі кілттің бар. Біріншісі, жасыл желекті баланста алу, ал екіншісі, ережені әділет органдарында тіркеу. Оның айтуынша, Орал қаласында Жасыл желекті күтіп-ұстаудың және қорғаудың типтік ережелерінің жаңартылған нұсқасын әділет мекемесі тіркемей қойған.

Бұл кепті елорда да киюі мүмкін.

– Таяуда ғана Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық комитетінде осы мәселе талқыланды. Бұл жиынға Экология комитеті мен Нұр-Сұлтан қаласы Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының өкілдері қатысты. Сол жерде жыл аяғына дейін Жасыл желекті күтіп-ұстаудың және қорғаудың типтік ережелерін түбегейлі өзгертіп, Үкімет пен Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне жіберу ұсынылды, – дейді Е. Абақанов.

Қоғамдық кеңес төрағасы Сансызбай Есілов әріптесінің пікірімен келісе отырып, Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасына аудан әкімдіктерінің жасыл желекті күтіп-ұстау жұмысын қатаң бақылауға алуды ұсынды.

– Бірінші кезекте қаладағы бүкіл жасыл желектің тізімін жасау керек. Астана құрылғалы бері осы мәселені айтып келе жатырмыз. Бірақ бұл проблема әлі шешілген жоқ. Белгілі бір көшеде қанша ағаш өсіп жатыр? Оның нақты санын білмейміз. Ағаштардың тұқымы мен жасы туралы да мәліметтер жоқ. Осыларды анықтап алсақ, қаланы көгалдандыруды әрі қарай дамыта аламыз, – дейді С. Есілов.

Өткен жылы елордада жасыл желекті есепке алудың мобильді қосымшасы әзірленіп, таныстырылғанын айта кету керек. Алайда бұл жоба қолдау таппай тұр. Жобаны әзірлеген экологиялық ұйым белсенділерінің пікірінше, осы қосымша арқылы жасыл желекке қатысты мәселелерді реттеуге болады. Ал елорданың Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы ағаштардың есебін жүргізуге қаржы сұрап отыр. «Егер ақша бөлінсе, бұл жұмысты қысқа мерзім ішінде атқаруға болады» дейді басқармадағылар.

© Бетті дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ

«БЮДЖЕТКЕ ҚАТЫСУ» НЕМЕСЕ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында «халық атсалысатын бюджет» жобасын дамытудың келесі кезеңіне өту керектігін атап өтті. Елордада бірнеше жылдан бері «Бюджетке қатысу» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Бастапқыда жоба аясында Сарыарқа ауданында аулаларды абаттандыру басталса, биыл бұл іс бас қаланың барлық ауданында қолға алынды.

Бұл жобаның негізгі ерекшелігі – барлық жұмыс қала тұрғындарының ұсынысымен іске асырылады. Соның ішінде «Жастар» шағын ауданының тұрғындары қаланы көркейтуге үлкен белсенділікпен қатысып жатыр. Нәтижесінде өздері тұратын аумақ әжептәуір абаттанып қалды.

«Бюджетке қатысу» жобасы бізді қатты қызықтырды. Тұрғындардың талап-тілегі ескеріліп, жүзеге асырылатыны көңілімізге жақты. Тұжырымдамасы өте қызықты болды. Барлық ұсыныстарымыз

қабылданып, қазір үйіміздің аумағында жайлы демалыс аймағы қалыптасты. Белсенді болудан қашпайық, – дейді шағын аудан тұрғыны Александр Цвет.

Аталмыш шағын ауданда жаңа футбол алаңдары, орындықтар, воркаут және балалардың ойын алаңдары орнатылды. Көз сүйсінтер көрініске балдырғандар да ересек адамдар да қуанып, демалыстарын көңілді өткізетін болды.

– Бұрын ауламызда шағын сырғанақ пен әткеншек қана болатын. Балаларды бұл аса қызықтыра



қоймайтын. Серуендеуге басқа жерлерге баратынбыз. Соның ішінде Есіл өзенінің жағалауында жүріп демалатынбыз. Енді өз ауламызда көбірек уақыт өткіземіз. Балалар да жаңа алаңға қуанып, асыр салып ойнап жүр, – дейді қала тұрғыны Ирина Царицкая.

«Жастар» шағын ауданының кішкентай тұрғыны Айгуар Теле-

пов оның сөзін растайды. «Маған жаңа аула ұнайды. Футбол алаңы да жақсы салынған. Мұнда біз ғана емес, басқа аулалардың балалары да ойнауға келеді» дейді ол.

Жалпы биыл елордада 150 аула мен 50-ден астам қоғамдық кеңістік абаттандырылады. Бұл «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» тұжырымдамасы аясында жүзеге асырылып жатыр.

Спортпен айналысуға арналған орындар да көбеюде. Мәселен, жақында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті аумағында баскетбол және воркаут алаңдары орнатылды. Жастардың өтініші бойынша мұнда скейт-паркі де ашылып, теннис үстелдері қойылды.

– Скейт парктің салынғанына қуаныштымын. Бұл спорт түрін дамытуға көңіл бөлініп жатқаны қуантады. Осы алаң баскетболды ұнататындар үшін өте жайлы орын екені сөзсіз. Жастар көп уақытын осындай жерлерде өткізеді. Жалпы серуендеуге, демалуға бұл тамаша орын, – дейді елорда тұрғыны Тайыр Жанатұлы.

Қазір жаңа аулалар мен қоғамдық орындар 300 мыңнан астам адамға спортпен айналысуға және бос уақыттарын өткізуге қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік берді. Жүргізіліп жатқан жұмыстың көп бөлігі шеткі аймақтарда жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, тұрғын алаптарда дене шынықтыру-сауықтыру кешендері салынып жатыр. Қалада абаттандырылып жатқан 150 ауланың 100-і де шеткі аймақтарда орналасқан.

© Райхан РАХМЕТОВА

ЖИНАҒЫ БАРДЫҢ ЖИҒАНЫ ЖЕТЕ МЕ?

Мәселен, жалақысы жоғары мұнай, қаржы, экономика саласындағы мамандарға тиімді болғанмен, айлық табысы төмен бюджеттік сала қызметкерлері қордағы ақшаны ала алмайды. Соңғыларының өмір бойы еңбек етіп келе жатқан жұмысынан зейнетақы қорына түсетін түсімі жалақысына сәйкес аздау. Сондықтан да жинағынан өзіне ауысатын мардымсыз қаржы баспана мәселесін шеше қоюы неғайбыл.

Қазір Қазақстандағы еңбек жасындағы азаматтар саны 10 миллионға жуық болса, соның тек он пайызының ғана зейнетақы қорындағы ақшаның бір бөлігін алуға мүмкіндігі бар. Үй кезегінде ресми тіркеуде тұрған жарты миллионнан астам, одан бөлек бейресми қанша баспанасызға үміт сыйлаған бастаманың бағы жана ма? Оны уақыт көрсетеді.

«ЖЕТКІЛІКТІЛІК ШЕГІ» ЖЕТКІЗБЕЙ ТҮР

Зейнетақы жинағын күні бұрын алу мүмкіндігіне ие 700 мыңдай салымшының 500 мыңнан астамы – «жеткіліктілік шегінен» асатын жинақтары бар жұмыс істейтін азаматтар. Елді елең еткізген оңды бастама осы жеткіліктілік шегіне келгенде көптің көкейіндегі жоспарын тас-талқан етті. Жаппай БЖЗҚ қосымшасын жүктеп алып, жинақ мөлшерін көруге асыққан елдің көбінің көңілі су сепкендей басылды. Өйткені зейнетақы қорында 8 млн теңгеден асатын жинағы бар азаматтардың үлесі – 1-ақ пайыз. Ал көпшілігі тек 1 млн теңгенің айналасында ғана қаражат жинаған. Мұндай жинақтың бір бөлігін алу тиімді бола ма, ол белгісіз. Әрине, орташа, яғни 4-5 млн теңге жинап қойған азаматтар да бар. Әсіресе, қырықты еңсергендердің көбінде сондай. Алайда олардың жалпы жинағандары жеткіліктілік шегіндегі сомандан сәл ғана асады. Соған қоса зейнетақы қорындағы қаржыны мерзімінен бұрын шешіп алған қазақстандықтар 10% мөлшерінде салық төлейді.

– Мен биыл 40 жасқа келемін. Алғым келсе де көрсетілген цифраға жетпейді екен. Оның үстіне, ол жерде жинаған зейнетақы ақшанды алған соң қанша дегенмен азайып қалады. Қаншалықты мұқтаж болсам да зейнетақыма жатқан ақшама тиіспеймін деп шештім. Ақыры зейнетақыны береміз деп шешті ме, жиналған соманың 30-40 пайызын немесе тең жартысын береміз деу керек еді. Сол кезде ешкім дүрлікпес еді деп ойлаймын. Мәселен, бір азаматтың жасы 35-те, жинаған зейнетақысы 1 миллион 500 мың делік. Осының тең жартысын алуына мүмкіндік жасалғанда болар еді. Енді қомақты зейнетақы жинағандар бар шығар, келесі жылдан бастап аламыз деп қуанып отырған. Оларға дауым жоқ, – дейді бюджеттік сала қызметкері Жансая Сыдықбай.

Асқар АҚТІЛЕУ, журналист:

«Қазір жасым 38-де. Зейнетақы жинағымда 20 жастан бастағанда



Биылғы Жолдаудағы зейнетақы жинағының бір бөлігін елдің қажеттілігіне жұмсауға рұқсат беруді халық көптен күтті. Себебі Мемлекет басшысы өзі атап кеткендей, жинағынан ауысатын қаржысын баспана алуға, денсаулығын түзеп, білімін дамытуға жіберсе де, болмаса қаржы ұйымдарына қарыздарын өтсе де бұл бір шаруасын екі ете алмай жүрген елге жақсы мүмкіндік болары сөзсіз. Бірақ жағымды жаңалықтың екпіні бір бұрқ етіп, тез басылғандай. Экономика саласындағы сарапшылардың айтуынша, ол халықтың бәріне бірдей қолжетімді емес.

18 жылдық еңбек тәжірибемнің арқасында 4 млн теңге жиналып тұр екен. Бәрінен сұрағанда байқағаным, қасымдағы адамдарға қарағанда менің жинағым әлдеқайда көп сияқты. Көбінде 3,5 млн, 2,5 млн, 3,3 млн. Менің жасымдағылардың жинағында қалуы тиіс қаржының жеткілікті деңгейі 3 млн 300 мыңдай. Сонда ауысатыны 600-700 мыңдай, оның 10 пайызын салыққа ұстап қалайын деп отыр. Қаржыны қолма қол ақшаға айналдыру барысында тағы ұстай ма деген күдігім бар. Сонымен қолыма түсетіні 550 мыңға жуық теңге екен. Бұл тіпті ең арзан үйдің бастапқы жарнасын төлеуге де жетпейді. Оның үстіне өз маңдай терімнен тапқан ақшанды қайда жұмсайтыныңды дәлелдеу үшін құжаттар жинайды екенсің. Осылайша өз ақшамызға өзіміз есеп беретін болсақ, білмеймін енді тіпті не айтарымды?! Жарайды, бір шаруаға керек болып қалып жатса мен алармын, ал менен аз жинағандар қайтеді, оларға тіпті армандамай-ақ қойса да болатын шығар. Ақыры бергесін «жеткіліктілік шегін» сәл төмендету керек еді».

ЖИНАҒЫ ЖЕТЕТІНДЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫ

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетовтің айтуынша, елімізде 1,4 триллион теңге көлемінде зейнетақысын алуға мүмкіндігі бар 721

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетовтің айтуынша, елімізде 1,4 триллион теңге көлемінде зейнетақысын алуға мүмкіндігі бар 721 мың салымшы анықталды. Олар 3 санатқа бөлінеді. Біріншісі – зейнетақы қорында жинағы бар, жұмыс істеп жүрген азаматтар. Қазір Қазақстанда сондай 529,7 мың азамат белгілі болды. Екіншісі – БЖЗҚ-да жинағы бар, зейнет жасына жеткен кісілер қордағы қаражатының 50 пайызына дейін пайдалана алады. Елімізде 178,4 мың зейнеткер жинағын пайдалана алады. Үшіншісі – зейнетақылық аннуитетті рәсімдеген және сақтандыру қорына аударғаннан кейін БЖЗҚ-да жинағы қалған азаматтар, олардың саны шамамен 13,3 мың адам.

мың салымшы анықталды. Олар 3 санатқа бөлінеді. Біріншісі – зейнетақы қорында жинағы бар, жұмыс істеп жүрген азаматтар. Қазір Қазақстанда сондай 529,7 мың азамат белгілі болды. Екіншісі – БЖЗҚ-да жинағы бар, зейнет жасына жеткен кісілер қордағы қаражатының 50 пайызына дейін пайдалана алады. Елімізде 178,4 мың зейнеткер жинағын пайдалана алады. Үшіншісі – зейнетақылық аннуитетті рәсімдеген және сақтандыру қорына аударғаннан кейін БЖЗҚ-да жинағы қалған азаматтар, олардың саны шамамен 13,3 мың адам.

Осы салымшылар жинағын өзі үшін, жұбайы үшін және жақынтұтыстары үшін пайдалана алады. Заңға сәйкес жақын туыстарына ата-әжесі, ата-анасы, балалары, немерелері, бауырлары жатады. Сондай-ақ Үкімет бір отбасы мүшелерінің қаражатын біріктіру мүмкіндігін де қарастырмақ. Пәтерді жаңа үйден ғана емес, қолдан алуға да болады. Сонымен қатар жеке тұрғын үй салу, жөндеу немесе кеңейту мүмкіндігі де қарастырылады. Жинақтағы ақшамен ипотекалық қарызды қайта қаржыландыруға және өтеуге мүмкіндік бар. Тек азаматтарға қойылатын шарттардың бірі баспананы 5 жылдың ішінде сатуға тыйым салынады. Зейнетақы жинақтарын тұрғын үйге салумен арнайы оператор айналысады. Ол – «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» негізінде құрылатын «Отбасы банкі» болмақ.

Дәулет МҰҚАЕВ, экономика саласындағы сарапшы:

– Зейнетақы қорынан осылай ақша алу – тәуелсіздік тарихында болмаған нәрсе. 1998 жылдан бері Чили жүйесі бойынша 10 пайыздық жинақ жүйесіне көшкелі бері бұл – бірінші үлкен жаңалық. Сондықтан кім алса да, біз бұған оң көзбен қарап, қуануымыз керек. Алдағы уақытта да осы бағыт дами беретін болса, қарапайым халық соған қарай талпынып, өзінің зейнетақы қорына ақша жинақтауға тырысады. Болмаса бізде мынау көлеңкелі экономика деген бар, яғни табысын жасыратын азаматтар жетерлік, соларды да оң істерге ынталандыру мақсатындағы іс-шара деп ойлаймын.

– Бұл бастама туралы қазір екі жақты дау көп. Жақсы жалақы алатындар үшін тиімді, ал ақшасы аздар қайтеді дейді. Енді бұл – әркімнің өзінің несібесі. Соған бола бастама туралы жаман айтудың қажеті жоқ деп санаймын. Ірі мұнай компанияларының қарапайым қызметкерлері бар мысалы, күннің аптап ыстығында, желдің өтінде еңбек етіп жүріп тапқан ақшасының жинағынан неге оларға да алмасқа?! Еңбек бағалану керек. Зейнетақы қоры салымшыларының 6,3 пайызына ғана беріледі екен. Бұл – аз да болса мүмкіндік. Мүмкін болашақта жинағынан жиғанын алатындар үлесі көбейтілер. Өз басым зейнетақы қорыма 2011 жылдан бері аударып келеді екен. Бірақ қазір жинағымдағы қаржы алуға азық етеді. Себебі менде бір кездері жеке кәсіпкерлік болды, ең төменгі айлық 21 мың теңгеден деп алғанда, соның 2000-дай теңгесі ғана аударылып отырған. Ал таныстар арасында өз жинағынан 10, 5, 3 млн теңге қолға алайын деп отырғандар бар.

ҚАРТАЙҒАНДА ҚАРАЖАТСЫЗ ҚАЛМАЙЫҚ

Сарапшы мамандар бұл қаражатты қайда жұмсасам деп керемет жоспар құруға әлі ерте екенін айтады. Себебі қордағы қаражатты кім көрінгенге тараға бермейтіні белгілі. Тек жұмыс істейтін азаматтарға жинағындағы қаражатын мерзімінен бұрын шешіп алуға мүмкіндік беріледі. Өйткені бәріне бірдей берсе, жинағы аздардың қартайғанда қаражатсыз қалу қаупі бар. Мемлекет бәрінен бұрын соған жол бермеуді ойлайды.

«Зейнетақы жинағы – бірінші кезекте ертеңгі кәрілікке деген жинақ. Оны бүгін алып, шотта ештеңе қалдырмау дұрыс емес. Жеткіліктілік дегеніміз содан шығып отыр, яғни зейнетақы жинағы адам өмірінің соңына дейін тым болмағанда ең төменгі мөлшерде зейнетақы алуға жеткілікті болуы керек» дейді ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов.

Президент осы мәселені жыл соңына дейін шешіп, шығындарды оңтайландыру және активтерді инвестициялық басқару сапасын жақсарту мақсатымен Үкіметке ортақ әлеуметтік қор құру және бірыңғай әлеуметтік төлем енгізуді арқылы әлеуметтік қамсыздандырудың бюджеттен тыс жүйесін жұмылдыру мәселесін пысықтауды тапсырды.



ЖАҢАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



БЕЛАРУСЬ:

ТИХАНОВСКАЯ БҰҰ-ДАН КӨМЕК СҰРАДЫ

9 тамыздан бері құқық қорғау органдарының бейбіт шерушілерді аяусыз ұрып-соғып, жаппай қамаған әрекеті билікке деген наразылықты одан әрі күшейтіп жіберді. Шеру толастайтын емес. Қарсылық акциясына қатысушылардың қаншасын жазалап, қамап жатса да олар алған беттерінен қайтар емес. Сондай-ақ қамаудан босап шыққан шерушілер ақпараттық құралдар арқылы өздерін полицияның түрмеде азаптағанын, қорлағанын айтып, денесіндегі көгергендері мен жарақаттарын көрсетті. Осыған байланысты 18 қыркүйекте Светлана Тихановская БҰҰ-ның адам құқығы жөніндегі кеңесінің шұғыл отырысына видеобайланыспен шығып, «республикадағы жағдайға халықаралық қауымдастық араласу қажет» дей келіп, Беларусьтегі адам құқығын бұзу фактілерін тіркеу үшін тексеру тобын жіберуді сұрады. «Билікпен диалог орнатуға дайын екенімізді және халқымызға әсер еткен дағдарысты бейбіт жолмен шешу амалдарын іздестіріп жатқанымызды атап өткім келеді» деген Тихановская беларусь билігін наразыларға күш қолдануды тоқтатып, жаңадан әділ сайлау өткізуге шақырды.

Айта кету керек, АҚШ пен Еуроодақ белорус билігінің әрекетін сынап, дауыс ұрлау мен күш қолдануға қатысы бар шенеуніктерге санкция қолдану мәселесін қарастырып жатыр. Ресми Мәскеу Лукашенконы қолдап отырғаны белгілі. Тихановскаяның мәлімдемесіне орай БҰҰ-да Анаис Марин баяндама жасап, «Беларусьте наразылықты басу кезінде 10 мың адам қамалды, Еуропа құрлығында» темір шымылдықтын» қайта пайда болуына жол бермеуіміз керек» деген кезде Ресей және өзге елдерден келген делегация мүшелері оның сөзін бірнеше рет бөліп жіберген. Мысалы, кей деректе Беларусьтің Женевадағы елшісі Юрий Амбразевич «елдегі сайлауға кедергі жасау үшін

САЙЛАУ МЕН ШЕРУ

Беларусьтегі жағдай ушығып, арты қиынға айналатын түрі бар. Өткен жексенбі күні Минск пен Беларусьтің өзге ірі қалаларында өткен кезекті наразылық шараларында жүздеген адам таяқ жеп, мыңдаған адам ұсталды. Оппозицияның кейбір жетекшілері қамалды. Айта кету керек, Беларусь оппозициясы жетекшілерінің көбі – әйелдер (олардың қатарында президенттік сайлауға түсіп, артынан елден шығарылған Светлана Тихановская, Координациялық кеңестің қазір қамауда отырған мүшелері Мария Колесникова мен Лилия Власова бар). Лукашенко болса ешбір елдің «сайлау қорытындысын мойындауына зәру еместігін» айтып, Литва, Польша елдерімен шекарасын жауып, Украинамен шекара қауіпсіздігін күшейтетінін мәлімдеді. Ол оппозициямен диалог орнатудан бас тартып отыр.



ұйымды пайдалануға болмайды» деп қарсы дау айтқаны айтылады.

ӘЙЕЛДЕР «КӨТЕРІЛІСІ»

19 қыркүйекте Минскіде мыңдаған әйел шеруге шықты. Кейбір ресми емес мәліметтерге қарағанда, «Әділет маршына» 100 мыңнан астам адам қатысқан. Қала орталығына әскерилер мен әскери техника әкелінген. Жексенбі күні кешке қарай құқық қорғаушылар 200-ден астам адамның (басым бөлігі – Минскіде) ұсталғанын хабарлады. (Бір айта кетерлігі, Минскіде әйелдер шеруі 12 қыркүйек күні де өткен. Маска таққан полиция жасақтары ол күні де шерушілерді ұстап әкеткен).

Ішкі істер министрлігі ел бойынша шеруге қатысы бар деген 114 адамның ұсталғанын, оның 99-ы ел астанасының үлесінде екенін мәлімдеген. «Лукашенко отставкаға кетсін» деп талап еткен әйелдер «Ұмытпаймыз! Кешірмейміз» деп ұрандатып, наразылықтың

белгісін білдіретін ақ-қызыл жолақты жалаулар мен баннерлерді ұстап жүрді. Қара киген полиция олардың қолын қайырып, жүздеген демонстрантты ұстап әкетті» деп жазады тәуелсіз ақпарат көзі.

Кей мәліметтерге қарағанда демонстрация басталғаннан жарты сағат өткен соң, ОМОН халық жүретін жолға су айдап, 20 қыркүйекке жоспарланған ауқымды жексенбілік шеру айтарлықтай нәтиже бермегенге ұқсайды. Минскідегі «Известия» тілшісі анықтағандай, наразылық білдірушілер шерулерді қорғау үшін отрядтар құруға шешім қабылдаған. Дегенмен ақыр аяғында Минскідегі жексенбілік митинг қатысушыларды қамауға алумен аяқталған.

1003 ПОЛИЦЕЙДІҢ ДЕРЕГІ ЖАРИЯЛАНЫП КЕТТІ

Беларусьтегі наразылық кезінде ақпарат таратудың басты көздерінің бірі болған Nexta Live Telegram каналы

бейбіт шерулерді басып-жаншуға қатысы бар деген 1003 полицейдің жеке дерегін жариялады. Жарияланған гугл-кестеде полицейлердің аты-жөні, туған күні, қызмет орны, лауазымы, тіпті телефон нөмірлеріне дейін жазылған. Канал авторлары полицейлер туралы бұл маңызды ақпаратты биліктің Александр Лукашенконың отставкаға кетуін талап еткен 19 қыркүйектегі әйелдер шеруін басып-жаншыған әрекетіне қарымта жауап ретінде жариялағанын айтады.

ЛУКАШЕНКОНЫҢ ҰЛЫ МОТОШЕРУДЕ

18-19 қыркүйек күндері ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай Ресей және Беларусь қалаларында мотошеру ұйымдастырылды. Беларусь президентінің ұлттық қауіпсіздік жөніндегі көмекшісі, Александр Лукашенконың үлкен ұлы Виктор елдегі митингтерден қорықпайтынын айтты. «Қараңыздаршы, қала қандай таза! Бірі демалуға, екіншісі балаларымен қыдыруға бара жатыр. Ал митинг ше? Олар өтіп жатыр. Біз одан қорыққан жоқпыз» деді ол.

Сарапшылар Минскідегі наразылықтар суық түскенше жалғасуы мүмкін деп болжайды. «Дәл қазір Беларусь қоғамы үшін жалғыз жол – талқылауды көшеден бастап, бірте-бірте саяси платформаға ауыстыру» дейді олар.



МИГРАНТТАРДЫ ҚОЛДАУҒА ШАҚЫРДЫ

Германияның Берлин қаласында да 10 мыңнан астам адам ереуілге шықты.

Жиналғандар биліктен Грекияның Лесбос аралында баспанасыз қалған мигранттарға қолдау білдіру керек деген талап қойды. Олар «Бізде орын жетеді» деп ұрандатып, билік өкілдерін мигранттарға шұғыл қолдау көрсетуге шақырды.



27 КӨНЕ САРКОФАГ ТАБЫЛДЫ

Египеттік археологтар алдымен 13 саркофагты, содан кейін тағы 14-ін тапты. 2,5 мың жылдан астам уақытты қамтитын саркофагтар Каирдан оңтүстікке қарай 30 км жерде орналасқан ежелгі Египеттің ең ірі некрополистерінің бірі Саккарадан табылды. Олардың ішінде мумиялардың бар-жоғы әлі белгісіз.

Жерасты бөлмесі ұңғыманың түбінде 11 метр тереңдікте орналасқан. Жұмысшыларға қазба орнына арнайы құдық арқылы түсуге тура келді.



ІНДЕТ ЖҰҚТЫРҒАНДАР 30 МИЛЛИОННАН АСТЫ

Соңғы мәлімет бойынша әлемдегі коронавирус құрбандарының саны 959 мыңнан, ал вирусты жұқтырғандар 30 миллионнан асты.

Нақтырақ айтсақ, әлемдегі инфекция жұқтырушылар саны 30 919 638-ге жетті. Көз жұмғандар 959 332-ге дейін өсті. Науқастардың ең көп саны АҚШ, Үндістан және Бразилияда тіркелген. Қауіпті вирус жұқтырғандар АҚШ-та 6 миллионнан, Үндістанда 5 миллионнан, Бразилияда 4 миллионнан асты.

© Жадыра ШАМУРАТОВА



Несіпбек АЙТҰЛЫ,
ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:

БІРАЗ АҚЫННЫҢ ТАЛАНТЫ КҮЙІП КЕТТІ

– Аға, қазақ поэзиясының тарихы тым тереңде жатыр, сөзімізді одан тартсақ әріге кетеміз. Сондықтан әңгілемізді өткен ғасырдағы ұлттық поэзияның дамуы, қоғам алдындағы бағдары, әдебиетке толқын-толқынмен келген ақындардан өрбітсек?

– Ұлттық поэзия туралы айтқанда алдымен, Абай атамызға жүгініп, сөз бастаған дұрыс болар. Ұлы тұлғаның қазақтың ғана емес, әлем ақындарының ішінде жұлдызы айрықша жарқырайды. Содан да халық оған әлдеқашан бағасын беріп қойған. Кешегі кеңес заманында аумалы-төкпелі кезеңдер басымыздан өтті, оның қаламгерлердің шығармашылығына да тиген кері әсері көп болды. Ақындардың дені өз жан дүниесіндегі сырды, өмірді, уақытты төгіліп, шынайы жырлай алмады, көбісі дүрсілдеген бесжылдық балғасының астында жаншылды. Ол үшін ақындарды жазғыра алмайсыз. Мәселен, қазақтың Тайыр Жароков деген тамаша ақыны болды, керемет талант, бірақ идеологияның сойылын соғып, соны жырлады. Сойылын соғайын деген жоқ, уақыт орайы соған келіп, амалсыз соқтырды. Сол жылдардағы біраз ақындар осы жолға түсіп, таланттары күйіп кетті. Поэзияда жан-дүниесін

барынша ашып, ақтармады. Мұқағалидың: «Айтып өткен ақында арман бар ма? Жүрегінің түбіне кір жасырмай» дегені осыдан болса керек.

Соғыстан кейін әдебиетке, қанды қырғынның ортасынан аман-есен оралған бір буын буырқанып келді. Олар: Сырбай, Хамит, Әбу, Мұзафар, Қалижан – бұлар өзі үлкен шоғыр. Олардың ізін баса Ғафу, Ізтай көрінді. Бірақ осы есімдері аталған ақындардың потенциалы толық ашылды деп айта алмаймын, арасынан қадау-қадау ғана суырылып шықты. Мысалы, Ғафу – ғажайып ақын, бір өзі үлкен мектеп. Соның ішінде ептеп ашылған Қасым Аманжоловты айтар едім, бірақ ол да толықтай құлашын еркін жаза алмады. Қасымның қатты ашылғаны «Өзім туралы» өлеңі, басқасынан идеологияның сарынын байқайсыз. Мысалы, «Советтік менің өз елім» тамаша өлең. Қасымның дәл осылай жазған өлеңі басқа ақында жоқ. Жастайынан жетімдік пен қиындықты көріп өскен азаматтың солай жазуға қақысы да бар. Маған бала күнімде әсер еткен, сөз саптауы бойыма сіңген ақын – Қасым. Мен өзім Қасымның шинелінен шықтым деп айта алам.

– Одан кейін поэзияға кімдер келді, олар өздерін толық көрсетіп, ашылды деп ойлайсыз ба?

ТОПТАСЫП ЕШКІМ ТӨБЕГЕ ШЫҚПАЙДЫ

Әуелгіде қазақ поэзиясында өз орны, үні бар кейіпкерімнің шығармашылығы туралы мақала жазайын деп ойладым. Бірақ ол ойымнан әп-сәтте айныдым. Ақын өлеңдерін тағы бір шолып шыққанда, ондағы ұлттық бояуға ғана емес, оның астарындағы қатпар-қатпар ойларға сүңгіп, бірде әсерлі сезімге бөленсем, енді бірде мұңлы күйге ендім. Соған қарап кез келген талантты тұлғаның жан дүниесіндегі бұйығы, бірақ бұлқынып жатқан тылсым сырды оның өзінен артық ешкім зерделей алмайтындығын түсіндім. Дауылпаз Қасымның да «Өзге емес, өзім айтам өз жайымда» дегені содан болар. Ендеше Несіпбек ағаның өзі туралы өзінен артық ешкім айтпас дедім де, ақынның өзі сөйлеткенді жөн көрдім.

– Елуінші жылдардың орта кезінен кеңестік идеологияның тоңы жібіп, көбесі сөгіле бастап, жаймашуақ кезең келгендей болды. Сол жылдары әдебиетке Мұқағали, Тұманбай, Қадыр, Сағи, Фаризалардың келуі – қазақ поэзиясын аспандатты. Ұлттық поэзияның бір дәуірлеген тұсы – осы. Айталық, Тұманбай поэзияға таза, мөлдіреген лирикасын әкелсе, Мұқағали ақынның ішкі жан-дүниесін бүкпесіз жырлады, Ал енді ұлттық ойды ашуды

Мағжандардан кейін Қадыр бастады.

– Сол кезеңде аударма өнері де жақсы дамыды, оның да ұлттық поэзияға оң ықпалы болды деп ойлаймын...

– Дұрыс айтасың, сол кезде орыстың үлкен ақындары Пушкин, Лермонтовтан бастап, шетелдің қабырғалы қаламгерлері де тәржімаланды. Көршілес республикалардағы талантты деген ақындар да қазақша сөйледі. Бұл шығармалардың бәрі классикалық деңгейде аударылды. Мәселен, Ғафу Қайырбеков Байронды, Қуандық Шаңғытбаев Омар Хайямды, Сағи Жиенбаев Расул Ғамзатовты төгілтіп тәржімалады. Мұқағали Мақатаев Дантенің «Құдіретті комедиясын» аударды. Кешегі Қайрат Жұмағалиев Сергей Есенинді ана тілімізде мөлдіретіп жеткізді. Қадыр аға да орыстың осы ғажайып ақынын аударды, бірақ одан «Есенин» шықпады, өз стиліне салып жіберді. Олжас Сүлейменовті де тәржімалағанда да солай болды. Турасын айтайын, Қадыр ағаның аудармасын қабылдай алмадым, бұл менің жеке пікірім. Ол кезеңнің бір бақыты, қазақ оқырмандары бар еді, бүкіл қазақ кітап оқытын. Қазір тіл білетін ұрпақ кетіп қалды, енді сол кезде орысша оқыған, тілді түсінбейтін жастардың бала-шағасы өсіп жетілді. Енді бүгін кітап оқылмайды, бұл әдебиеттің соры.

БІЗДІҢ БУЫН ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ САРЫН ӘКЕЛДІ

– Жетпісінші жылдары келген сіздің буын әдебиетке қандай жаңалығымен келді?

– Шындығын айтқанда, біздің буын Мұқағали, Қадыр,

Тұманбайлар кешкен бақытты басынан кешпеді. Өйткені өлеңді сүйіп оқитын оқырмандар азайды. Алдымыздағы «Соғыстан соң туғандардың» арасында бірен-саран ақындар мойындалғанымен, олар да толықтай мойындалмады. Біздің толқын поэзияға публицистикалық сарын әкелді. Ұлттық бояуды әрлеген ақындар да болды, оған Кеңшілік пен Жұматайды жатқызар едім.

– Кім мойындалмай қалды деп ойлайсыз?

– Бәрі өз дәрежесінде мойындалды. Осы ақындар бір-бірін мойындай ма?

– Сіз қалай ойлайсыз?

– Мойындамайды. Мен өзім мойындайтын, мойындамайтын ақындарым бар.

– Кімді мойындайсыз?

– Құпия, ол менің ішкі сырым.

– Қазір оқуға ауыр, бояуы солғын, түсініксіздеу өлеңдер көбейіп бара жатқан секілді...

– Жұматай Жақыпбаевтың «Бір күлермін ғарыш жаққа кетерде...» деген жақсы өлеңі бар еді, сонымен біраз ақындар аспанға шығып кетіп, жерге түспей қойды. Біздің ақындар Еуропаның, тағы басқа елдердің әдебиетін оқып алады да, соның костюмін қазақ поэзиясына кигізгісі келеді. Сосын оны жаңалық деп ойлап, кейін өзінің қайда қалғанын білмейді. Өзге әдебиетті оқы, үйрен, біл, кейбір әдіс-тәсілдері мен формасын ал, бірақ оның киімін бізге толық кигізбе. Поэзия да жанды процесс, ол да өсіп жетіледі, оның тарихы, психологиясы бар. Қазақ поэзиясының өзімізге ғана тән болмысын сезіну керек. Кейбіреулер еліктеуге ұрынып, барынан айырылып қалды. Айналайын, қазақтың қара өлеңінің тамыры сонау көне дәуірден басталады, біз содан нәр алып, түрленейік.

Поэзияда бірнәрсеге ішім ашиды: жастар ғана емес, атағы бар үлкен ақындардың өзі тіл білмейді. Қазақы оралым мен тіл байланысынан ажырап қалған. Негізі, поэзия музыкамен астасып жатады, өлең тілі таңғы шықтай мөлдіреп, төгіліп тұрмағаннан кейін ол поэзия бола ма? Қазақтың кез келген өлеңі әнге айналып кетеді. Мәселен, Мұқағалидың әрбір өлеңі әнге суранып тұрады.

– Жалпы, жастар поэзиясы туралы не айтар едіңіз?

– Қазіргі ақындар арасында түсініксіз өлең жазып, оны бір-бірі мақтап, қолпаштап, цитат алып, дәріптейтін топ пайда болды. Баяғыда Жазушылар одағында ағаларымыз топ-топқа бөлініп айтысатын. Топтасып жүріп ешкім төбеге шықпайды. Талант – жеке дара шығады. Топтасып әдебиет жасалмайды, әдебиетті жеке талант жасайды. Кейбір жас ақындар қолдан трагедия жасап, өзге әлемде жүреді, оны өзі де ұқпайды. Поэзия деген өмір, бүгінде отанды жырлау, халықтың жағдайын, арман-мұңын барынша шеберлікпен жырлау азайды. Елді жырласа бірден билікті жамандап, шабуылға көшеді, ол халықты жырлау емес, ақынның ішкі позициясы, қыжылы. Халықты жалаңаш емес, Абайша астарлап, образбен жырлау керек. Журналистиканың тілімен жазылған өлең поэзия емес.

«БӘЙТЕРЕКТІ» ДӘУІР ТУДЫРДЫ

– Қоғам саясиланып барады, содан ба кейбір адамдар «ақын-жазушылар елдің құты ғой, олар неге билікке халықтың мұңы мен зарын айтпайды» деп мін тағып жатады. Бұған не айтасыз?

– Ақын-жазушының міндеті көшеге шығу немесе айқайлау емес, оның міндеті – жазу. Ұғар құлақ болса айтып жатырмыз. Оны оқымайды да, қаламгерді кінәлейды. Шынтуайтына келсек, халықтың жолында басын бәйгеге тіккен ақындар: Махамбеттен бастап, кешегі отызыншы жылдары Бейімбет, Мағжан, Сәкен, Илиястар құрбан болды. Қазірде арқалы ақындар елдің зары мен мұңың толғаудан кенде емес. Оны жоғары да еститін құлақ, төменде оқитын көз болу керек. Бір жағынан, қазір шығып жатқан кітаптардың таралымы аз, 2-3 мың данамен жарық көреді, ол халыққа жетпейді. Мәселен, «Бәйтерек» поэмасында мені «Елбасыны жырлады» деп кінәлейді, соның ішінде халықтың шерін қозғаған түйдек-түйдек ойлар бар, қажет болса қарсылықта кездеседі.

– Осы поэма жарыққа шыққаннан бері артық-ауыс пікірлер айтылды, сіз оны қабылдайсыз ба?

- Мен оны ешқашан қабылдамаймын, туындыны дұрыс жаздым деп ойлаймын. Поэмаңың ішінде Елбасы туралы бес-алты шумақ жазылды. Тұңғыш Президентіміздің азаттық алғаннан кейін ел іргесін бекітіп, шаңырағын тіктеген зор үлесін айту қажет. Бір ғана Алатаудың баурайында жатқан еліміздің бас ордасын Арқа төсіне көшірген еңбегін неге жырламасақ?! «Бәйтерек» поэмасы 2002 жылы жазылды, ол кездегі халықтың көңіл-күйі басқа. Билікке қарсылардың бәрі мені соққылайды, бірақ соның біреуі де поэманың көркемдігі туралы сөз қозғаймайды. Әріден кейін, олардың «Поэмаңы неге жазасың?» деп айтуға қақысы да жоқ, ол менің жеке шаруам.

Шын мәнінде «Бәйтерек» поэмасын дәуір тудырды, мен онда Елбасы мен астананы ғана жырлаған жоқпын, бүкіл қазақты жырладым.

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН АЙТҚАНДА ЖЫЛАҒЫМ КЕЛЕДІ

- «Балдырған» журналында біраз жыл жұмыс істеп, балаларға тамаша өлеңдер жаздыңыз, ол кітап болып жарық көрді. Қазіргі балалар әдебиеті туралы не дейсіз?

- Бүгінгі балалар әдебиеті туралы айтқанда жылағым келеді. Кеңес өкіметінің тұсында балалар әдебиетіне қатты көңіл бөлінді, арнайы баспа да жұмыс істеп, содан жыл сайын жеткіншектерге арналған жинақтар шығып тұрды. Сол кездері Жақан Смақов, Қадыр Мырза Әлі, Мұзафар Әлімбаев, Әнуарбек Дүйсенбиевтің шығармалары балалар әдебиетін бір биікке көтерді. Қазір балаларға арнап жазатын қаламгерлер санаулы, олардың насихаты да кемшін. Қазір балғындардың көбі мультфильм көргенді жақсы көреді. Жас ұрпақтың тілден айырылып бара жатқанына мұның да әсері бар. Қысқасы, балалар әдебиетін дамыту үшін мемлекеттік қамқорлық қажет, онсыз өз бетімен дамымайды. Арнайы бағдарлама жасап, байқау ұйымдастырып, қаламақыны көтеру керек. Негізінен, жеткіншектерге талантты таланттысы жазады. Бізде балалар әдебиетін екінші планда қарайды, бұлай болмайды. Мәселен, мектепке дейінгі балдырғандарға ұсынатын түк жоқ, орыстар қалай балалар жинақтарын жайнатып шығарды, соны көріп көңілді мұң басады.

ДОСҚА ЖАРЫҒАН АДАММЫН

- Әдебиетке сіңірген еңбегіңіз бағаланып, жоғары марапатқа қол жеткіздіңіз, атаққа қалай қарайсыз?

- Жұмыр басты пенде ретінде атақ керек, бірақ ол мәңгі қалмайды. Біздің алдымызда мемлекеттік сыйлықты алған талай ақындар болды. Қазір олардың кейбірінің есімдері де аталмайды. Бірақ ақын өмірден өткеннен кейін атақ жұмыс істемейді, шығармаңыз ғана елдің көңілінде қалады. Алайда өнер адамын ынталандыру үшін, мерейін өсіру үшін, әдебиетті алға жылжыту үшін атақ керек. Өнер деген бәсеке, жарыс. Дегенмен атақ мүмкіндігінше

әділ берілгені жөн.

- Сіздің достарыңызға деген көңіліңізді жақсы білемін, солар жайында да сөз қозғап өтесіз бе?

- Менің достарымның бәрі де жаны жайсаң азаматтар. Солармен қатар жүріп, өмір сүргеніме қуанамын. Жас күнімен Жәнібек, Тұрсын, Құнапия, Жүрсін, Сәулебек, Жанболат, Намазалы, Сауытбек, Әлібек деген жігіттермен араласып, бүгінде жақын бауырдай болып кеттік. Шынымды айтсам, мен досқа жарыған адаммын. Осы азаматтардың бәріне еркелеймін, кейде көңілдерін де қалдырып қоямын, бірақ бәрі кешіре біледі. Тұрсын Жұртбаевтан басқасы...

МЕМЛЕКЕТТЕ ӘЛІПБИ БІРЕУ БОЛУ КЕРЕК

- Аға, міне жетпіске толып, өмірдің бір үлкен белесіне көтерілдіңіз. Неге тәуба дейсіз, неден қорқасыз, нені армандайсыз?

- Айналайын, өмірде адамның ойлағанының бәрі бола бермейді. Өмірдің өзі ғажапқа толы, сиқырлы әлем ғой. Қазақ оны бір ауыз сөзге сидырып «жалған дүние» деп айтқан. Халқымызда «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе» деген сөз бар. Шынында да адамның көңілі жүйрік. Қарап отырсам, өмір сапарында қатарлас жүрген біраз ақындар дүниеден жас кетіп қалды. Тіпті дүлдүл әнші Жәнібек Кәрменов досым қырықтың ішінде өмірден өтті. Кеңшілік, Жұматай, Жарасқан, Тынышбай, Дәуітәлі секілді дарынды ақындарда жас кетті. Соларды ойлап отырып, жетпіске келгенде тәуба дейсің! Өзімнің күйім келгенше біраз шаруа бітірдім.

Қорқатыным: осы халықтың болашағы. Абай атамыз бір өлеңінде: «Шошимын кейінгі жас балалардан» дегені бар еді, ол кісі ерте қорыққан секілді, бірақ әулие адам, осы күнді болжады ма екен деп ойлаймын. Мені қазақ тілі мәселесі толғандырады. Тілің жоқ жерде мемлекет бола алмайсың. Осыны айтудай айттық, қаржыны да шашудай шаштық, бәрібір тас орнынан қозғалмады.

Енді латын әліпбиіне көшетін болсақ, орысша оқығандар кириллицада қала беретін болса, қақ жарылатын түріміз бар. Содан кеп орыс тілін білетін ағайындар баласын орысша мектепке тоғытып жатыр. Сонда не боламыз, ертең бұл тәуелсіздігімізге сына қақпай ма? Сондықтан жаңа әліпбиге көшсек, тұтас көшуіміз қажет. Мемлекеттің әліпбиі біреу болу керек. Бұл жөнінде билік өз позициясын айқындаған жөн. Сосын тілді сақтап қалу үшін мемлекеттік қызметке мемлекеттік тілді білмейтін адамды тағайындамаған дұрыс. Осы мәселені тікесінен қоятын болсақ, бәрі қазақ тілінде жазып, сөйлеп кетеді. Әйтпесе, тілді өлтіріп аламыз.

Ал арманым: ұлттың тәуелсіздігі мәңгілік жасап, қазақ жұрты бізден кейінде басқа халықтың қатарында өмір сүрсе деймін!

- Әсерлі әңгімеңізге рақмет, аға!

Сұхбаттасқан Азамат ЕСЕНЖОЛ

ҚАЛЛЕКИДІҢ «МҰҚАҒАЛИ»



Семей облысы Ақсуат ауданында дүние есігін ашқан Жанқалдыбектің сирек кездесетін есімді иеленуінде де үлкен тарих жатыр. Әкесі Мұфти ауыр дертке шалдығып, ота жасағып, өлім ауызынан қалғанда ұлды болғанын естіп, «Жанқалдыбек» деп ат қояды. Бала кезінен көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып, әнге деген құштарлығы артып, мектепті бітірісімен Ақсуаттағы мәдениет үйінде киномеханик болып жұмысқа орналасады.

Т.Жүргенов атындағы өнер академиясына арман қуып келеді. Талапкер жігіттің алдынан КСРО халық әртісі Фарид Шәріпова шығып, өзіне білім алуға шақырады. Аса көрнекті актрисадан шақырту алса да, «музыкалық театр актері» мамандығына келіп түседі. Ұстазы Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Рахия Машурова Жанқалдыбекті топтың старостасы етіп тағайындайды. Осылайша Жанқалдыбек ұшын қызыққа толы студенттік кезең басталды.

1999 жылы үздік бітіріп, режиссура барометрі, КСРО халық әртісі Әзірбайжан Мәмбетовтің арнайы шақыртуымен елордаға тартып, Қалибек Қуанышбаев атындағы академиялық қазақ музыкалық драма театрына қабылданды. Классик режиссердің қойылымдарында ойнап, актерлік шеберліктерін шыңдады. Театр сахнасындағы дебюттік рөлі Ф.Мүсіреповтің «Қыз Жібек» трагедиясындағы жыршы еді. Одан соң «Қара Қыпшақ Қобыланды» - Көклен, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» - Жантық, «Түлкі бикеш» - Осипов, «Қаракөз» - Дулат, «Ғасырдан да ұзақ күн» - Сәбитжан, «Мұқағали» - Мұқағали сынды бейнелері көрермен жадында. Осылардың ішінде ерекшелініп тұратыны - Сәбитжан.

«Адамзаттың Айтматовы» атанған Ш. Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» драмасы мәңгірттенген қоғам жайында кеңірек қозғайды. Актер бейнелеген Сәбитжан бүгінгі тас бауыр, қатыгез ұрпақтың жарқын көрінісі. Оның бойында әкеге, бауырға деген махаббат емес, өзінің қамын ойлаған өзімшілдік жатыр. Сәбитжан - Жанқалдыбектің көзіне көзілдірігін киіп, сулығын қағып, көзін бақырайтуы актер тарапынан табылған ерекше деталь.

Сахнада орындаушы үшін әр рөлі бір-біріне ұқсамайды. Солардың бірі - М.Әуезовтің «Абай» трагедиясындағы Жиренше. Ата салттан аттаған екі жастың теріс қадамына жанұшыра айғайлаған Жиренше көрермендер үшін сахнадағы ерекше қаһарман. Шаригат пен ұлттық болмысымызды қолдау үшін, келер ұрпақ қате қадам баспау үшін жүгірген Жиренше екені рас. Міне, актер өнерінің биіктігінің дәлелі осында.

Жанқалдыбек Төленбаев трагедияны да,

1999 жылы Т.Жүргенов атындағы өнер академиясын үздік бітірген Сырым Қашқабаяев, Асылбек Қапаевтарды КСРО халық әртісі, Халық қаһарманы Әзірбайжан Мәмбетов өзі көркемдік жетекші болып тағайындалған Қаллеки театрына шақырды. Осы жалынды жігіттердің арасында Жанқалдыбек Төленбаев та бар еді. Міне, сол Жанқалдыбек Төленбаевтың Қаллекидің «Мұқағали» атанып, театр көгінде самғап келе жатқанына да, ширек ғасырға жуықтады.

комедияны да, драманы да, түрлендіріп ойнай алатын актер. Бір сөзбен айтқанда жанр талғамайды. Актер бейнелеген әр кейіпкерді сан түрлі құбылтып, сахна алаңында ерекше көзге түседі. Е.Жуасбектің «Үйлену» комедиясындағы Терек - осы сөзіміздің айғағы.

Өнер өріндегі Жанқалдыбек Төленбаев - кемелденген актер. Д.Рамазанның «Абылай ханның арманы» тарихи драмасындағы оның Қалдан Церен бейнесі - дала философының жарқын прототипі. Актер нұсқалаған жоңғар қонтайшысы елінің бірлігін, болашағын ойлаған кейіпкер. Жанқалдыбек Төленбаев ойынында бұл образ қатыгез жоңғар емес, керісінше бар күш-жігерін ақыл мен ойға салатын жан. Актер сомдауында Қалдан Церен тек қана сыртқы келбеті ғана емес, сондай-ақ, ішкі жан-дүниесі де кейіпкерімен сабақтасып жатыр.

Актердің әр жанрағы актерлік шеберлігі, дайындық барысындағы ізденісі, көрермен алдындағы талпынысы бүгінгі жас актерлерге үлгі. Сахнадағы әр кейіпкері бір-біріне ұқсамайтын дара, ерекше. Ш.Айтматовтың «Ақ кеме» - драмасындағы Оразқұл актер шығармашылығында ерекше көрінген бейне. Әртіс бұл кейіпкерінің ойынында бірнеше мінез іздеуді мақсат тұтқан.

Әзірбайжан Мәмбетов бірде Жанқалдыбекке: «Білесің бе, сен Нұрмұхан Жантөринге ұқсайсың. Даусын, ойының бәрі Жантөринен айнымайды. Жарайсың» деп арқасынан қаққан еді. Көрнекті режиссерден осындай мақтау есту әркімге бұйыра бермейді. Төленбаев өнеріне мемлекет және қоғам қайраткерлері Фариза Оңғарсынова, Әбіш Кекілбаев, Қуаныш Сұлтанов және театр сыншысы Әшірбек Сығай сынды майталман тұлғаларымыз оң бағасын берді.

Бір күні Қуаныш Сұлтанов Қаллеки театрының режиссері, Болат Ұзақовқа: «Жанқалдыбекке жағымсыз роль неге бересіңдер, ол Мұқағали ғой» деген болатын. Ал Фариза Оңғарсынова актер Жанқалдыбек Төленбаев сомдаған «Даланың күйші Динасы» деген шығармасындағы Ахмет Жұбанов бейнесіне: «Міне, Жанқалдыбек Ахмет ағаны керемет алып шықты» деп батасын берген еді.

Жанқалдыбек Төленбаевтың басқа актерлерден ерекшелігі сахнада дауыс мәнерін, кейіпкердің мінез-құлқына қарай дұрыс қоя білуі. Сахнада өзінің бейнесін сыртқы және ішкі жан-дүниелеріне терең бойлап, жанын салып, темпераментін аямайтын өнер иесі. Жанқалдыбек Төленбаев тек қана театр актері ғана емес, сондай-ақ болшақ әртістерді тәрбиелеп жүрген кәсіпкері ұстаз. Шәкірттерінің алды еліміздің театрлары сахнасында еңбек етіп жатыр. Еркін Айтмұқаш, Айкөркем Тұранова, Қобыланды Болат, Инабат Әбеновалар Қаллеки театрының, ал Данияр Тұранов, Абылай Сәлімхановтар «Астана Мюзикл» театрының жас жұлдыздары. Дулат Оқасов, Жақсылық Бағдатов, Мәдина Бексейітова, Нұрсұлтан Есеттер облыстық театрларда еңбек етіп жүр. Шәкірттерінің өмірде, де, өнерде де өз жолдарын тапқаны актер-ұстаз Жанқалдыбек Төленбаевты қуантады.

Бахтияр ТҰРСЫН, театртанушы

2013

2013 жылы Қазақстан астанасы «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне дайындыққа кірісті. Ұлттық валюта – төл теңгеміздің қабылданғанына 20 жыл толды. Астана өзінің 15 жылдығын атап өтті. Бұл сол жылдың басты оқиғаларының бірі болды.



аударды. Бұл бағдарлама игілігін алдымен Кенесары мен Егемен Қазақстан көшелеріндегі 11 апатты үйдің тұрғындары көрді («Астана ақшамы», №130, 16 қараша, 2013 жыл).

ЗАЦЕПИННИҢ МӘҢГІЛІК МУЗЫКАСЫ

Әйгілі композитор, Ресей халық әртісі Александр Зацепиннің елордада шығармашылық кеші өтті. «Бәріміз бала күнімізден талай тамашалаған Шәкен Аймановтың «Біздің сүйікті дәрігер», «Тақиялы періште», Леонид Гайдайдың «БІ» операциясы немесе Штуриктің басқа да басынан кешкендері», «Кавказ тұтқын қызы», «Тауһар қол», «Иван Васильевич мамандығын ауыстырады» кинофильмдерін естен шығару мүмкін емес. Ал енді осыларда орындалатын әсем әндер ше?! «Құлақтан кіріп, бойды алар» бұл музыкалық шығармалардың авторы Ресей халық әртісі Александр Зацепин өзінің өнегелі жолын Қазақстанда бастағанын баса айтқымыз келеді («Астана ақшамы», №131, 19 қараша, 2013 жыл).

МЕРЕКЕГЕ – БЕС БІРДЕЙ НЫСАН

Тұңғыш Президент күніне орай Астана маңындағы елді мекендерде бес бірдей әлеуметтік нысан іске қосылды. «Қосшы және Қараөткел ауылдарында 1200 орындық орта мектеп, ал Талапкер мен Қоянды ауылдарында 280 орындық және 96 разъезд елді мекенінде 140 орындық балабақша пайдалануға берілді. Бұлардың барлығы Елбасы тапсырмасы бойынша Астана қаласының іргесіндегі елді мекендерді дамыту бағдарламасы аясында жүзеге асып отыр («Астана ақшамы», №136, 30 қараша, 2013 жыл).

ЭКО ТАКСИ ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

Сол жылдың аяғынан бастап елорда жолдарына эко такси шықты. «Қыстың алғашқы күні елордалықтарға жаңа қызмет түрі ұсынылып, «Қазақ елі» монументі алаңында «Астана Эко такси» қалалық таксопаркі инвестициялық жобасының тұсаукесері өтті. Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «AllurGroup» компаниялар тобы іске асырған жобаның қыр-сырымен Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев танысты («Астана ақшамы», №137, 3 желтоқсан, 2013 жыл).

P.S. Сол жылы бас қалада тұңғыш рет «Astana Piano Passion» пианистердің халықаралық фестивалі-байқауы, «Сахнадан сәлем» республикалық театр фестивалі ұйымдастырылды. Көкше жерінде Абылайханның 300 жылдығы, Әулиеата өңірінде Төле бидің 350 жылдығы кең көлемде атап өтілді. Осының бәрі «Астана ақшамы» газеті беттерінде айшықталды.

© Аманғали ҚАЛЖАНОВ

АСТАНА – ӨМІР СҮРГІН КЕЛЕТІН ҚАЛА

Жылан жылы астаналықтар үшін жағымды жаңалықпен басталды. «IV халықаралық форум аясында Мәскеу қаласында өткен «XXI ғасыр мегаполисі: қала және балалар», «Өмір сүргін келетін қала» байқауында Астана қаласы лауреат атанды. Елордаға берілген мұндай беделді награда Президент бастамасымен жастарды еңбекпен қамтуға бағытталған «Жасыл ел» жалпыұлттық бағдарламасын әзірлеп, жүзеге асырғаны үшін берілді. Сонымен қатар қосымша білім беру жүйесінде – Оқушылар сарайының құрылысы мен Интерактивті ұлттық парк құру жөніндегі жоба әзірлегені үшін лайық деп танылды («Астана ақшамы», №1, 3 қаңтар, 2013 жыл).

БІЛІМ ЖҮЙЕСІНІҢ БЕДЕЛІ

Көктемде кәрі құрлықтан бас қаламыздың білім жүйесінің беделін көтерген ақжолтай ақпарат келді. «Еуропа бизнес ассамблеясының «Сократ комитеті» елорданың №60 мектеп-лицейіне «Еуропалық сапа» наградасын тапсырып, ЕБА болжамы бойынша жетекші оқу орталықтарының ресми халықаралық тізбесіне енгізуге ұсыныс жасаған («Астана ақшамы», №45, 20 сәуір, 2013 жыл).

«ЭКСПО-2017»: АЛҒАШҚЫ ТАНЫСТЫРЫЛЫМ, ЛОГОТИП МЕН СИМВОЛ

Халықаралық көрмені лайықты өткізу үшін Елбасы тапсырмасымен «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясы құрылды. Жазда Париж қаласында өткен Халықаралық Көрмелер бюросының 153-сессиясында Астананың жеңімпаз қала ретіндегі алғашқы тұсаукесері өтті. «Онда Мемлекеттік комиссия және Ұлттық компанияның құрылуы

мен олардың міндеттері туралы, жобаны қаржыландыру мәселесі, халықаралық қатысушы елдермен жұмыс жүргізу бойынша іс-шаралар кешені, көрмені өткізгеннен кейінгі ЭКСПО нысандарын пайдалану жоспары сынды ақпарат берілген» («Астана ақшамы», №66, 13 маусым, 2013 жыл).

«ЭКСПО-2017» көрмесінің логотипіне байқау жарияланған еді. Оның да нәтижесі белгілі болды. «Қазақстандықтардың таңдауына жеті түрлі логотип ұсынылған. Дауыс беруге 10 мыңнан астам адам қатысты. Қорытындысы бойынша екі логотип іріктелді. Үздік деп танылған «Жасыл энергия» логотипі 3088 дауыс жинады, ал екінші орындағы «Жел энергиясы» логотипіне 2594 адам өз дауысын берген» («Астана ақшамы», №83, 26 шілде, 2013 жыл).

Күзде көрме кешені мен оның символын таңдауға арналған халықаралық архитектуралық байқаудың қорытындысы шықты. Бұл байқауда АҚШ-тың «Adrian Smath + Gordon Gill Architecture» компаниясы үздік шықты. «Белгілі болғандай, ЭКСПО қалашығының аумағы 173,4 гектарды құрайды. Оның ішінде 25 гектар көрме кешеніне тиесілі. Қалашық Есіл ауданындағы Қабанбай батыр, Хусейн бен Талал, Орынбор және Рысқұлов даңғылдары мен көшелері аумағында орналасады. Кешеннің басты символы – бірнеше қабатты сфера түрінде жасалған Қазақстан павильоны. Ол көрме қалашығының дәл ортасында орналаспақ» («Астана ақшамы», №120, 24 қазан, 2013 жыл).

«АСТАНА ОПЕРА» ШЫМЫЛДЫҚ АШТЫ

«Астана Опера» театрының ашылуы – сол жылдың айтулы, айшықты оқиғаларының бірі. «Жаңа өнер ордасының шымалдығы биыл 100 жылдық мерейтойы аталып өтіп жатқан композитор Мұқан Төлебаевтың классикалық өнерге қосқан жауһары – «Біржан-Сара» ұлттық операсымен ашылды».

Туындының қоюшы режиссері, Санкт-Петербург опера және балет театрының көркемдік жетекшісі Юрий Александров, ал қоюшы суретшісі Вячеслав Окунев. Біржан бейнесін Ресейдің еңбек сіңірген әртісі, тенор Ахмед Агади, ал Сараны Қазақстанның халық әртісі Нұржамал Үсенбаева сомдады («Астана ақшамы», №70, 22 маусым, 2013 жыл).

жобасы қалада көлік қозғалысын реттеуге арналған («Астана ақшамы», №100, 5 қыркүйек, 2013 жыл).

ҰЛГІЛІ ОТБАСЫЛАР ҮКІЛЕНДІ

Елбасы Жарлығымен қыркүйек айының екінші жексенбісі елімізде Отбасы күні болып бекітілді. 2013 жылы бұл мереке алғашқы рет атап өтілді. «Отбасы күні мерекесіне



«ТАРЛАН» ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Сол жылы көпшілікке арналып ашылған нысандар қатарына «Тарлан» мұз айдыны аренасын да қосуға болады. «Мұз айдыны негізінен хоккей мен мәнерлеп сырғанаудан кәсіби, жартылай кәсіби және әуесқой спортшылар үшін жаттығу кешені ретінде жоспарланған» («Астана ақшамы», №79, 16 шілде, 2013 жыл).

ҚОС ҚАБАТТЫ ТУРИСТІК АВТОБУС

«Бәйтерек» монументі алаңында экскурсиялық автобустар таныстырылды. Қала тұрғындары мен қонақтары алғаш рет туристерге арналған қос қабатты автобуска мініп, Астана көшелерін аралады. «Төбесі ашық «Шанхай» зауытынан шыққан туристік автобустар Лондон автобустары сияқты «Hop on-Hop off» жүйесімен жұмыс істейді. Жолаушылардың мініп-түсуіне шектеу жоқ. Сатып алған билет бір тәулікке жарамды («Астана ақшамы», №95, 22 тамыз, 2013 жыл).

«АҚЫЛДЫ ҚАЛАНЫҢ» ЖАҢА ЖОБАЛАРЫ

«Smart Astana» даму тұжырымдасы аясында қос жобаның тұсаукесері өтті. «Қауіпсіз қала – Астана шаһарының тіршілігін кешенді қамтамасыз етудің жүйесі» жобасы шеңберінде қалада 30 мың бейнекамера орнату жоспарланды. Ал «Интеллектуалды көлік жүйесі»



Мен «Астана хабары» газетінің редакциясына 2008 жылы маусым айында шолушы болып қызметке қабылдандым. Бас редактор белгілі ғалым, һәм қаламгер Амантай Шәріп. Бас редактордың бірінші орынбасары жаһан жайлаған бар қазақтың жоқшысы Талғат Батырхан, танымал журналист, энциклопедист Мақсат Ізімұлы, қазақы танымның, қазақы болмыстың бір білгірі Бекен Қайратұлы жұмыс істеп жүр екен.

Бұл – Жұмағұл Саухат, Жанболат Аупбай, Нұрторғе Жүсіп, Бауыржан Омарұлы қатарлы қазақ баспасөзінің өз заманындағы қатепті қара нарлары газеттің қабырғасын қатайтып, елордалық төл басылымды БАҚ-тың қара шаңырағына айналдырып үлгерген кез. Қоғамның ағыммен өзгерген «Астана ақшамы» деген алғашқы атауы сол тұста қайта оралды. Аты қалалық болғанымен, заты елордада шығып жатқан соң, бір ғана аумақтық-әкімшілік, жаңалық, хабар, репортаждармен шектелмей, мазмұны бойынша елдік, мемлекеттік, тіпті Қазақстан Республикасының жекелеген халықаралық дәрежедегі жоғары деңгейлі іс-шаралар туралы да тиісінше баяндалатын. Сондай халықаралық жиындардың бірі Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы өтіп жатқан кез. Алқалы жиынға алыс-жақын шетелдерден сол мемлекетте тұратын қаны қазақ қайраткерлер келіп, елордадағы ағайындарымен арқа-жарқа қауышып, таныс-білістік артады. Сол күндердің бірінде ҚР Президенті әкімшілігінің қызметкері, жазушы Рахымжан Отарбаев қоңырау шалды. Қытайдан келген, аты алып елдің ауызында жүрген атакты режиссёр Жанар Сағатқызынан сұхбат алуды тапсырды.

«Жанарды сол арадан табасың» деген жерге іздеп бардым. Бос емес екен. Баспасөз мәслихатының бітуін біраз күтуге тура келді. Жанар десе Жанар-ақ екен. Екі көзі оттай жаншп, жамалы жайнап тұр. Сұхбаттастық. Әңгіменің әсерлілігі соншалықты, арқауы автобусы отырғанымда-ақ үйге жетпей түзіліп үлгерді. Компьютер экранында Жанардың жауаптары тізбек-тізбек төгіліп жатты. Таң да атты, айқара бетке сиятын сұхбат та дайын болды. Редакцияға келіп материалды жауапты хатшыға өткіздім де өзім кезекті тапсырмаға кеттім. Есіктен шыға бере естігенім – «Бүгін айқара бет бос емес. Бас редактордың «Қыз Жібек» фильмінің 40 жылдығына арналған мақаласы газеттің екі бетін кернеп тұр». «Ой-й-й, Құрылтай біткенше сұхбат жарияланып үлгерсе деп едім-м-м-мм...» деп ойлап кете бардым. Өкпелеген де, өкінген де жоқпын, өйткені басылым атауының табиғаты осындай, кезегінді күтесін...

Тапсырманы тиянақтап түстен кейін келсем бас редактор айқара беттен өз мақаласын сылып алып, менің сұхбатымды салыпты. Қуанып кеткенімді жасыратын несі бар. Бұл – кісілік, мәрттік қана емес, қазақ баспасөзі басшыларының ықпалы заманнан бері келе жатқан төл басылымына деген жанашырлығы, кейіпкерге деген құрметі.

...Сұхбат демекші, публицистиканың бұл саласы менің жанымға жақын жанр. «Ана тілі» газетінен



«СҰХБАТ ДЕГЕН – АҚ САНДЫҚ, АҚ САНДЫҚТЫҢ ІШІНДЕГІ КӨК САНДЫҚ...»

бастап, «КазАқпарат» агенттігінде, одан осы «Астана ақшамында» «Сегіз қызым – бір төбе, кенжекейім – бір төбе» деп санап, өзге ақпарат, хабар, мақалалардың сыртында сұхбат мен үшін бекзат, бекзат қана емес-ау дегдар текті гауһар тұғыр. Кейбіреу сұхбатты тілші мен кейіпкердің екеу ара әңгімесі, журналистиканың ең жеңіл түрі деп санайды. Жо-жоқ, әріптестер! Сұхбат – деген ақ сандық, ақ сандықтың ішіндегі көк сандық. Ерте заманғы ертегілерде «Перінің жаны ақ сандық, ақ сандықтың ішіндегі көк сандық. Көк сандықтың ішінде әңгімені әріден келуші еді ғой. Жақсылардың кеудесі алтын сандық, расында «Кілт болмаса, сандықты кім ашадь», сол кілт – сұхбат еді-ау. Кілт – сұхбатпен кейіпкерінің көкірегіндегі сырды да, шерді де ашып аласың. Шын сұхбаткер тілдің ұшындағы сөзді ғана емес, көкіректің ішінде, жүректің түбінде жатқан әңгімені әріден қозғап, бері тартуға шебер болуы керек. «Аманжол – Рахымжанның Қасымы» айтқандай, «шарлаған жолым жатыр жер бетінде, көрінер көлеңкесі келбетімде» деп, өзге емес, дариға-ай, өзі-ақ айтып берер-дүр өз жайында...

Теңізден маржан сүзгендей, гауһар тасты қашағандай қажетті сөздерді теріп, тізіп сұхбатқа салғаныма Абай айтқандай – «Өткірдің жүзі, кестенің бізі, өрнегін сендей сала алмас» дейсің сұхбат деген дегдарға.

Бүгін қайдам, кешегі жас журналистердің кейбірі – «Ана кісі сұхбат бермей қойды, мынау адам дайын сұхбатымды жариялауға рұқсат етпеді» деп ренжиді. Сондайда абайлап, райлап «Сен қандай сауалмен бардың, нендей сұрақтар қойдың?» деп суыртпақтайсың. Жауабына бір, көңіліне екі қарап «Көкежаным-ау, сен оның көкейіндегі емес, аузындағы сөзін ғана алыпсың ғой» дейсің...

Әлбетте, ешкім ә дегеннен сұхбат алушы болып аспаннан түсе қалған жоқ. Бағыма қарай мен «Ана тілі» газетінде үш бірдей ұстаның, ұстаздың өнегесін алдым. «Ана тілінің» Ақпарат «айнасынан» бастап, сөзбен ойлантуға, сөзді ойнатуға баулыған Бауыржан Омарұлы айтқандай, «Баспасөздің баһадүрі» Жарыққап Бейсенбайұлының үлгісін тұттым. «Журналистен жазушы болуға болды, ал Жарыққап Бейсенбайұлы жазушыдан журналист шығарды», бұл да орақтілді Омарұлының сөзі мензегені – мен өткен мектептің ұстазы, ұстазым Марат Қабанбайды мензегені. Бұрын-соңды жалын ұстап көрмеген маған Мерке Құлқенов «Ана тілі» газетіне басшы болып келген алғашқы күндері-ақ сәйгүлік сұхбаттың екі тізгін, бір шылбырын қолыма ұстатып, «Атамұра» корпорациясының президенті Мұхтар Құлмұхаммедтен сұхбат алып кел деп тосыннан тапсырма берді... Осылайша, ол алдымдағы екі ұстазымның үйреткен алтын арқаулы жібек жіппен түйіндеп, сұхбаттың сара жолына салып жіберді. Талай тарландар мен марғасқа майталмандармен жүргізген сұхбаттар «Астана ақшамы» газетінің бетінде кестенің бедеріндей белгісін қалдырды деп айта аламын. Сол жылдарғы тігіндіні парақтасаңыз кезігіп қаларсыз. Оның сыртында қаламымыздың ұшында сия қатып қалғандай жазылмаған, жарияланбаған дүниелер де бар еді. Кеше ғана офтальмолог келінім айтып келді: «Кенес кезінде Қонаевтың ұшқышы болған қарияның көзіне күрделі ота жасадық». Ойыма осы сәт «Ох, шіркін ол кісіні осыдан оншақты жыл бұрын білгенімде «Астана ақшамына» тамаша бір әңгіме айтып берер еді-ау» дедім ішімнен. «Ана тілі» газетінде бірге қызметтес болған ақын Байбота Серікбайұлы айтып еді: «Біздің ауылда бір етікші өткен, сол кісі

радиодан Роза Бағланованың әнін тыңдап отырып, әй, мына өлеңшіге бір байпақ тігіп беретін екен» депті сүйсінгеннен. Сол сияқты мен де «Ана жерде жақсы жүр, мына жерде жайсаң жан отыр» деген сөз құлағыма жеткенде «сұхбатқа айтар сыры көп шығар, ә!» деген ой қамайды...

Сұхбаттың бір қасиеті бар, кейде тақырыпты да өзі-ақ тауып береді. Оны мен анау бір жылдары «Ана тілі» газетінде тілші болып жүргенімде Бетпақдаладан алтынның кенін тапқыш атақты геолог Дубек Дүйсенбековпен бірге сол Бетпақдаланы көктей шарлап жүрген сәтімде аңдадым. Алтын тапқыш адамның айтуға сөз таппайтыны қызық екен. Сөз шығара алмай шырлыққаннан ол кісіні шамырқандыруды ойладым. Әрі шөлдеп те кеткен едім. «Ақбақайыңызға қашан жетеміз, қайтайықшы мына бір мизбақпас, қылтанағы жоқ бөдейге Бетпақдаладан шығайықшы өзі!» дегенімде 70 жастағы геолог маған қарияға жат шалт қимылмен жалт қарап «Бетпақ емес, бұ дала алтын-н-н дала!» деп қадап сөйлегенінде «Ох! Сұхбаттың арқауын да, тақырыбын да таптым!» деп қатты қуанғанмын. Бетіне қарап біз Бетпақ дейміз, ал астында 720 шақырым доға тәріздес иіліп жатқан алтын кенінің көзін тапқан адамға бұ дала алтын болмағанда ше! Геолог ағамыз өзі тапқан алтын кен орындарына «Ақбақай», «Ягурай», «Қарғаш», «Алқоңыр», «Назқоңыр» секілді қазақ әндерінің атын берген.

«Астана ақшамына» Алматыдан ауысып келген жылдары Амантай Шәріп шақырып алып: – «Алматыда қазақтың талай марғасқасы қалды. Сәті түссе, солардан сөз алып қалу керек, Раушан. Қанша мәрте қажет болса, соншама рет іссапар ұйымдастырып берейін. Сол кісілермен сұхбат жүргізіп кел» деп тапсырды. Роза Бағланова, Гүлфайруз Исмаилова, Сәуле Қабдолова, Ділде Матайқызы, Әзілхан Нұршайықов, Әбдуали Қайдар, Әмен Хайдар, Әмин Тұяқов сынды алыптармен қатар отырып, тілдесіп, сауалыма жауап алып, Алатаудан алып келген олжаны он – сан оқырманның алдына тартып едік. Ама! не, сөйлесе алмай қалған бірлі-жарым ғазиз жандар да болды. Солардың ішінде Алматыдағы Абай ескерткішінің авторы Хәкімжан Наурызбаев болатын. Кейде бір тұлғаның бір ауыз сөзінің өзі нар көтерер сұхбатқа өзек боларын бірден аңдайсың. «Қазақстан» ұлттық арнасының бас редакторы кезімде Алматыдағы бір жиында атақты мүсіншінің: – «Абайдың ескерткішін жасай алмай, оның табиғатын, тұлғасын, болмысын келтіре алмай шарасыздықтан талай мәрте жыладым да. Әбден талықсып ұйықтап қалған бір күні таң ата түс көрдім. Түсімде мен жатқан бөлменің терезесінен... Апырым-ай... Абайдың... Өзі кіріп келе жатыр!!! Басында тақия, иығына шапанын желбегей жамылған, қолтығында кітап. «Міне, менің ескерткішімді дәл осылай жаса» деп мені жанап, жанымнан өтіп бара жатты!.. Оянсам, терезе ашық, жеңіл шілтерлі терезе пердесі таудың самалымен иығымды, қарымды желпіп тұр екен. Күн шықпастан төсегімнен атып тұрып, ұмытып қалмайын деп күндіз күлмей, түнде ұйықтамай, мына өздеріңіз білетін ескерткішті жасап шықтым». «Шіркін-ай, бас редактор емес, осы кезде жай тілші болсам ғой, газетке тамаша бір сұхбат жарар едім» деп сол жолы теледидардағы қызметіме қатты асығыс болғандықтан Хәкімжан ағаға қайырыла алмадым...

Арада бірнеше ай өткенде «Астана ақшамынан» Алматыға іссапармен келіп, ең алдымен Абай ескерткішінің авторына қоңырау шалдым. Арғы жақтағы дауыс ол кісімен сөйлесуге кешкісін ғана келе алатынымды айтып, мекенжайын берді. Қуана-қуана бардым. Үйі таудың етегінде екен. Атшаптырым ауланың арғы түкпірінен Кеңес кезінде салынған қос қабатты қоңырқай үй көрінді. Қау басқан есік алдында бірнеше үлкен-үлкен бюст тұрды. Әрі кешқұрым, әрі таудың аңғары, көз байланып қалған шақ. Өтіп бара жатып Ғабит Мүсіреповтің, Қаныш Сәтбаевтың гипстен жасалған кеуде мүсінін аңғарып қалдым. Үйге кірдім. Бірінші қабатта күтіп отырдым. Шамалы уақыттан кейін жоғарыдан баспақтақты сықырлатып, кемдеу аяғын сылттып басып Хәкімжан аға түсіп келеді. Анау жолы аңдамағанмын ба, алып мүсінің авторы шөкімдей болып шөгіп қалған екен. Күлімсірегені де күлгіндеу. Әңгімені бастап кеттік. Жадымнан көп нәрсе шығып қалған ба, әр жерден бір терген сөзі жұыспай қойды. Сөздің арасында өзіне жұмыс істеуіне Қонаевтың көп жағдай жасағанын, ауқымды жерді бөліп беріп, осы үйді салдыртып бергенін айтты. Дегенмен соңына дейін суыртпақтап болса да сыр тартуға бекіндім. Ама! қайсы ақыры сұхбат ала алмадым. Оның ба, менің бе, көңілімде бір алаң көлденеңдей берді. Қаланың шетінде екенімді, қараңғы түсіп кеткені, жаяу екенім есіме алып енді ғана қорқасоқтай бастадым.

...Өзі, кейде, өмір ғана емес өзің тізгінін ұстаған жұмыстың барысында осындай-осындай қызықтар болып тұрады. Қазақтан шыққан виртуоз гитарист Қорабай Есеновпен жүргізген «Гитараның жеті атасы – жетіген» деген сұхбаттың мерзімі белгіленген кезде маған аяқ астынан суық тиіп қалды. Бірақ сәті түсіп тұрған сұхбатты сусытып алмауым керек, қарашаның қар ұшқындатқан қара суығына қарамастан Жаңарқаға жол тарттым. Температурам 39,7-ні көрсетіп тұрса-дағы, сыр бермей, сыр тарттым... Қорабай ағаның сол жолғы сөздерін диктофон жерге түсірмей, аязға қарыптай қағып алып жатты. «Мына қолдар анадан ерте айырылған кішкентай қарындасын аш қалмасын деп бала күнімде қамыр илеп әбден жаттыққан қолдар...», «...тәтем, әкемді тәте деуші едім, кезінде мені үлкен сағнаға жібермей ауылда алып қалғанына кейінірек талай мәрте радиодан әншілерді тыңдаған кезінде көзінен жас тартып, басын шайқап қатты өкінуші еді. Ал өзім ше... Өзім... Өзім де радиодан гитараға қосылып ән шырқағандардың дауысын естіген сәтте қорада қамаулы тұрған арғымақтың сырттағы тұлпарлардың тұяғының дүбірі құлағына жеткенде шылбырын үзе алмай шыңғыра кісінегенідей күй кешемін...» деп дауысы дірілдеп көзіне толған жасты көрсетпейін деп, сиректеу кірпіктерін төменге түсірген күйі көз алдымда...

Әлқисса деп әңгімені әрі тарта беруге болар еді, дүние деген ұлы толқынның басын көрген, аяғын көрген кім бар?! Адамзат өз ғұмырында, бүтінгіше айтқанда «сеанстың ортасынан келіп, ортасынан кетеді ғой», қызмет те солай. Бастауын отыз жыл бұрын алған бұлақтың аяғы өзенге, көлге, теңізге, мұхиттарға құя бергей. «Астана ақшамы» деген ұлы мұхиттың төсінде сұхбат деген крейсерлер көкшулан толқынды көктей жарып, жүздеген жылдар бойы жүзе бергей!

Раушан ТӨЛЕНҚЫЗЫ,
ҚР Президенті
грантының иегері



КЛАССИКАҒА САЯХАТ

«Астана Опера» театры «Опералық классикаға саяхат» атты гала-концертімен өзінің VIII маусымын ашты. Мазмұнды бағдарламаны шектеу талабына сәйкес әзірге тек 50 адам тамашалады.

Концертке ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова келді.

Театрдың бас дирижері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Алан Бөрібаев мәдени кеш алдында театрдың тартымды да қызықты бағдарлама әзірлегенін және оған негізгі репертуардағы «Абай», «Дон Карлос», «Тоска», «Мадам Баттерфляй», «Севильдік шаштараз» сынды опералардан көріністер мен ариялар енгізілгенін айтты. Екі күн өткен концертке театрдың түгел дерлік солистері, хор әртістері, оркестр музыканттары мен миманс қатысты.

– Барлығы асқан құлшыныспен, зор қуанышпен жұмысқа кірісе кетті, бәрі де жұмысын

сағынған. Өнерімізді көрермен қауымға сыйлағымыз келеді. Ұлы Абайдың 175 жылдығында бағдарламаға А.Жұбанов, Л.Хамидидің «Абай» операсынан көріністерді енгіздік, – деп атап өтті маэстро.

Көрермендер өздері болмаған кезде театрда орын алған өзгерістерді көрді, фойенің барлық жерінде санитаризерлер орнатылған, залдағы креслолар шахмат тәртібінде орналасқан.

Өзгерістер оркестр музыканттарының отыру ретіне де әсер еткен, санитарлық нормаларға сәйкес аспапшылар бір-бірінен бір жарым метр қашықтықта жайғасқан. Мұндай арақашықтықта музыканттардың мінсіз ансамблін жасау қиын, дегенмен әртістер бұл тапсырманы мүлтүксіз орындады.



ҰЛТ ҰСТАЗЫ АТЫНДАҒЫ БАЙҚАУ

Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитеті ұйымдастырған оқытушылардың А.Байтұрсынұлы атындағы республикалық онлайн режимдегі байқауы өз мәресіне жетті.

Республикалық байқау төрт кезеңнен тұрды: алғашқы кезеңде қатысушылар қазақ тілінің А1 деңгейіне арналған он бес минуттық бейнесабақ үлгісін көрсетіп, А.Байтұрсынұлының әдістемелік идеялары мен инновациялық әдіс-тәсілдерді шебер қолданды. Келесі кезең А.Байтұрсынұлының өмірі, қызметі мен шығармашылығы, әдістемелік ой-пікірлері қамтылған тест тапсырмаларын орындауға арналды. Үшінші кезеңде үміткерлер ғалымның шығармашылығы, тіл үйрету тәсілдері, әдістемелік мақалалары, сондай-ақ тіл үйрету сабақтары барысындағы түрлі педагогикалық-психологиялық жағдаятқа байланысты бейнесұрақтарға жауап берді.

Байқаудың соңғы кезеңі қатысушылардың оқу-әдістемелік құралдары, ғылыми-әдістемелік мақалалары және шығармашылық жетістіктерімен таныстыруға арналды. Шара барысында өңірлерде мемлекеттік тілді оқытумен айналысып жүрген әдіскер мамандар, оқытушылар өзара тәжірибе алмасып, әдістемелік біліктіліктерін шыңдады.

Сонымен байқауда бірінші орынды қарағандылық Жансая Хасенова жеңіп алса, екінші орын – Шымкент қалалық тілдерді оқыту-әдістемелік орталығының оқытушысы Болат Мөлдірге бұйырды. Қызылорда облысы мен Солтүстік Қазақстан облысы тілдерді оқыту орталықтарының оқытушылары Айдана Махамбетова мен Алина Сейтім үшінші орынды бөлісті.

© Бетті дайындаған Азамат ЕСЕНЖОЛ

КІШКЕНТАЙДАН КІТАПҚА ҚҰМАР БОЛСА...

Қалалық Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі «Балаларға шығармасымен шуағын шашқан» тақырыбында жазушы Толымбек Әбдірайыммен онлайн-сұхбат ұйымдастырды.

Сұхбат барысында қаламгер балалар әдебиеті туралы айтып, кейінгі жазылған шығармалары жайында ой қозғады. Жазушы өз сөзінде балалар әдебиеті мен кітап оқу мәдениеті ешқашан талқылаудан түспейтін өзекті мәселенің бірі деп атап өтті.

– Мені баланы кішкентайдан кітап оқуға, оқығанды тоқуға үйрету мәселесі көп алаңдатады. Қазір балдырғанға кітап оқып, ертегі айтып беруді жүйелі түрде

жүргізіп жатқан ата-аналар бар шығар, бірақ олардың қатары аз деп ойлаймын. Ертеде бізге әке-шешеміз іңірде ертегі айтып, сонымен ұйықтатын. Дүкеннен «Қазақ ертегілері» мен «Батырлар жырын» алып беріп, соны бізге айтқызып, өздері тыңдайтын. Осының өзі жас балаға тарихты, өнерді түсінуге бағыттайтын үлгі болатын. Шын мәнінде кітап оқу еңбек қана емес, ана тілімізді жетік біліп, таза сөйлеудің үлкен мек-

тебі, – деді тыңдап отырған жеткіншектерге қаламгер.

Сонымен бірге Толымбек аға елордадағы Орталықтандырылған кітапхана жүйесіне қарасты 18 кітапхананың саны аз екендігін жеткізді. Мәселен, Есілдің сол жағалауында аталған орталыққа қарасты бірде-бір балалар кітапханасы жоқтығын айтып, оның санын көбейту керек деген мәселе көтерді. Сондай-ақ балалардың қойған сұрақтарына жауап беріп, олармен бірге ән шырқады.

